

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 577:616.4(043.3)

Қолжазба құқығында

ДҮЙСЕНБЕК АЯУЛЫ АҒАБЕКҚЫЗЫ

**2-типті қант диабетіндегі қабыну және тамыр
жүйесінің күйімен байланысты плазмалық микроРНК рөлін зерттеу**


8D05102 – Биомедицина

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
б.ғ.к., проф.
Аблайханова Н.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, проф.
Русанова И.
Гранада Университеті, Испания

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025



МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	8
1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ.....	13
1.1 2-типті қант диабетіндегі эндотелий дисфункциясының молекулалық механизмдері және олардың макротамырлық асқынулармен байланысы.....	13
1.1.1 Метаболикалық синдром және тамыр жүйесіне әсері.....	18
1.1.2 Тотығу стресінің биомаркерлері және олардың жүрек-қантамыр асқынуларымен байланысы.....	22
1.2 Қант диабеті және метаболикалық аурулар кезіндегі митохондриялық дисфункция.....	24
1.2.1 МикроРНК арқылы тотығу стресі мен қабынуды реттеу.....	30
1.2.2 Метаболикалық аурулар кезінде қолданылатын емдеу әдістерінің тотығу стресі мен микроРНК экспрессиясына әсері.....	35
2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	40
2.1 Зерттеу нысаны және зерттеу жүргізу шарттары.....	40
2.2 Биохимиялық талдау.....	41
2.3 МикроРНК экспрессиясын талдау.....	42
2.4 Қабыну параметрлерін анықтау.....	45
2.5 Тотығу стресі көрсеткіштерін анықтау.....	46
2.5.1 Липидтердің асқын тотығуы (ЛАТ) деңгейін анықтау.....	46
2.5.2 Ақуыздардың алдыңғы тотыққан өнімдері (АОРР) деңгейі.....	46
2.5.3 Нитриттер мен нитраттардың концентрациясын анықтау.....	47
2.6 Антиоксиданттық ферменттер белсенділігін анықтау.....	48
2.6.1 Тотықсызданған және тотыққан глутатион деңгейлерін анықтау....	48
2.6.2 Супероксиддисмутаза ферментінің (SOD) белсенділігін анықтау..	52
2.6.3 Глутатионпероксидаза (GPx) белсенділігін анықтау.....	53
2.6.4 Глутатионредуктаза (GRd) белсенділігін анықтау.....	54
2.6.5 Каталаза (CAT) белсенділігін анықтау.....	55
2.6.6 Глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа (G6PD) белсенділігін анықтау....	55
2.7 Нәтижелерді статистикалық талдау.....	56
3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	58
3.1 Зерттелген популяциядағы микроРНК экспрессиясының және биохимиялық-клиникалық көрсеткіштердің айырмашылықтары....	58
3.2 Зерттелген үлгілердегі тотығу статусы маркерлері және антиоксиданттық ферменттердің белсенділігін анықтау	67
3.2.1 Тотығу статусы маркерлерін анықтау.....	67
3.2.2 Антиоксиданттық ферменттердің белсенділігін анықтау.....	69
3.3 Қабыну статусы көрсеткіштерін анықтау	74
3.4 Топтар арасындағы Пирсон корреляциялық талдауы нәтижелері...	77
3.5 2-типті қант диабеті және макротамырлық асқынулармен	

байланысты биомаркерлердің диагностикалық дәлдігін бағалау....	84
4 АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ.....	92
ҚОРЫТЫНДЫ.....	100
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	102
ҚОСЫМША – А Экспериментке қатысушылардың жазбаша келісімі.....	120
ҚОСЫМША – Ә Зерттеу жобасының қатысушысына арналған ақпараттық парағы.....	121
ҚОСЫМША – Б Гранада провинциясының биомедициналық зерттеулер этикасы жөніндегі комитеті.....	123
ҚОСЫМША – В Этикалық комитет отырысының хаттамасы.....	126
ҚОСЫМША – Г Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін оқу үрдісіне ендіру актісі.....	127

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер жасалды:

МЕМСТ 7.32-2001. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Құрылымы және дайындау ережелері.

ҚР ГОСО 5.04.034-2011. Қазақстан Республикасы білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, докторантура. Негізгі ережелер (2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 өзгертулер);

МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ADA	- Американдық қант диабеті қауымдастығы (<i>American Diabetes Association</i>)
ADIPOR1	- адипонектин 1 рецепторы
AFMK	- N1-ацетил-N2-формил-5-метоксикинурамин
AGO	- аргонавт (<i>Argonaute</i>)
Akt	- PI-3 киназа/Akt жолы
AMK	- N-ацетил-5-метоксикинурамин
ATMEXOs	- май тінінің макрофагтарынан алынған экзосомалар
ATMs	- май тінінің макрофагтары
AUROC	- операциялық жұмыстың сипаттамасы астындағы аудан (<i>area under the receiver operating characteristics</i>)
eNOS	- ажыратылған азот оксиді синтазасы
EMA	- Еуропалық дәрілік заттар агенттігі
EPC	- эндотелий прогениторлық жасушалары
EVs	- жасушадан тыс везикулалар
EXPO-5	- экспортин-5 (<i>Exportin 5</i>)
FDA	- АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасы
FPG	- аш қарынға плазмадағы глюкозасының деңгейі (<i>fasting plasma glucose</i>)
GIP	- гастрингипирлеуші пептид
GLP-1	- глюкагонға ұқсас пептид-1
GSH	- тотықсызданған глутатион (<i>glutathione</i>)
GSSG	- тотыққан глутатион (<i>Glutathione Persulfide</i>)
GSSR	- дисульфидтік байланыс арқылы ақуызбен байланысқан глутатион
HOMA-IR	- инсулинге резистенттілік үшін гомеостатикалық модельді бағалау
HO-1	- гемоксигеназа-1
hsCRP	- С-реактивті ақуыз
IDF	- Халықаралық диабет федерациясы (<i>International Diabetes Federation</i>)
IGT	- глюкозаға төзімділіктің бұзылуы
IκB	- каппа-В ингибиторы
IRS	- инсулин рецепторларының субстраты
MAO	- Моноаминоксидаза
MP	- Миелопероксидаза
mPTP	- митохондриялық өткізгіштіктің өтпелі тесігі
M2 Exos	- M2 типті макрофагтарынан бөлінген экзосомалар
NADP	- Никотинамидадениндинуклеотид
NADPH	- Никотинамидадениндинуклеотидфосфат
NF-κB	- ядролық фактор каппа В (<i>Nuclear factor kappa B</i>)
NO	- азот оксиді

NOS	- азот оксид синтаза (<i>Nitric oxide synthase</i>)
NEM	- N-этилмалеймидпен (<i>N-Ethylmaleimide</i>)
NRF2	- эритроидка қатысты фактор 2
OPA	- орто-фталальдегид (<i>Ortho-phthalaldehyde</i>)
PAI-1	- плазминоген активаторының тежегіштері-1
PBS	- фосфатты-тұзды буфер (<i>Phosphate Buffer Saline</i>)
PDGF	- тромбоциттерден алынған өсу факторы
PECAM-1	- эндотелий жасушаларындағы тромбоциттердің адгезия-1 молекуласы (<i>Platelet endothelial cell adhesion molecule</i>)
PPAR γ	- гамма-рецепторлардың белсендірушісі
PKC	- протеинкиназа C
RISC	- ген өшірілуінің РНҚ-индукцияланатын кешені (<i>RNA-induced silencing complex</i>)
ROC	- қабылдағыштың жұмыс сипаттамасының қисығы (<i>receiver operating characteristic</i>)
RT-qPCR	- нақты уақыттағы сандық ПТР
SIRT1	- сиртуин-2
Sp1	- спецификалық ақуыз 1
TNF- α	- ісік некрозының факторы- α (<i>Tumor necrosis factor α</i>)
TGF- β	- трансформациялық β өсу факторы
VCAM-1	- адгезия молекуласы-1
VEGF	- қан тамырларының эндотелийінің өсу факторы (<i>vascular endothelial growth factor</i>)
АОПП	- ақуыздың терең тотығу өнімдерінің жоғарылауы
Г-6-ФД	- глюкоза -6- фосфатдегидрогеназа
ГПО	- Глутатионпероксидаза
ГР	- Глутатионредуктаза
ДНҚ	- дезоксирибонуклеин қышқылы
ЖИА	- жүректің ишемиялық ауруы
ЖҚА	- жүрек қан тамырлар ауруы
ЖЦБ	- жедел цереброваскулярлық бұзылулар
ИЛ-10	- интерлейкин -10
ИЛ-18	- интерлейкин -18
ИЛ-6	- интерлейкин- 6
ИФА	- иммуноферменттік анализ
кДНҚ	- комплементарлы ДНҚ
ҚД	- қант диабеті
ҚД2Т	- қант диабетінің 2-типi
ЛАТ	- липидтің асқын тотығы
мРНҚ	- матрицалық рибонуклеин қышқылы
микроРНҚ	- микро рибонуклеин қышқылы
ОБТ	- оттегінің белсенді түрлері
ПТР	- полимеразды тізбекті реакция

РНҚ	- рибонуклеин қышқылы
СОД	- Супероксиддисмутаза
ЭДТА	- Этилендиаминтетрасірке қышқылы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Бұл диссертациялық жұмыс 2-типті қант диабеті кезінде дамиды қабину процестері мен қан тамырларының дисфункциясымен тығыз байланысты плазмалық микроРНК экспрессиясын жан-жақты зерттеуге арналған. Зерттеу барысында микроРНК-лардың эндотелий қызметінің бұзылуына, тотығу стресінің күшеюіне және осы факторлардың тамырлы асқынулардың патогенезіне қосатын үлесіне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, микроРНК-лардың биомаркерлік және болжамдық маңыздылығы бағаланып, олардың диабетпен байланысты макро-және микротамырлық асқынуларды ерте диагностикалаудағы және алдын алуға әлеуеті қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2-типті қант диабеті - жүрек-қан тамырлары асқынулардың дамуымен сипатталатын ең көп таралған созылмалы аурулардың бірі. Жүректің ишемиялық ауруы, инсульт және перифериялық артериялық ауру сияқты макротамырлық бұзылулар 2-типті қант диабеті бар науқастар арасында өлім-жітім қаупін айтарлықтай арттырады [1]. Қазіргі қолданыстағы диагностикалық әдістер тамырлық асқынулардың даму қаупін ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік бермейді, бұл аурудың асқынуына және науқастардың өмір сапасының төмендеуіне алып келеді. Осыған байланысты, 2-типті қант диабеті кезінде тамырлық асқынулардың даму механизмдерін зерттеу және жаңа биомаркерлік көрсеткіштерді анықтау өзекті ғылыми және клиникалық міндеттердің бірі болып табылады.

Соңғы жылдары микроРНК молекулаларына ерекше назар аударылуда. Олар жасушаішілік және жасушадан тыс деңгейде гендік экспрессияны реттеуде маңызды рөл атқарады. Зерттеулер микроРНК-ның қабину процестерімен, эндотелий дисфункциясымен және тотығу стресімен өзара байланысын дәлелдеп, олардың жүрек-қантамыр жүйесінің патогенезінде шешуші рөл атқаратынын көрсетті [2]. Атап айтқанда, NF-κB және NLRP3-инфламмасома сияқты негізгі сигналдық жолдар микроРНК арқылы реттеліп, қабину жауаптарының күшеюіне немесе бәсеңдеуіне ықпал етеді [3]. Тотығу стресі 2-типті қант диабеті дамуында маңызды рөл атқарады. Жасушалардағы антиоксиданттық жүйелердің теңгерімсіздігі липидтердің асқын тотығуын күшейтіп, супероксиддисмутаза және каталаза белсенділігінің төмендеуіне алып келеді. Бұл тамыр қабырғаларының зақымдануына және эндотелий дисфункциясының дамуына ықпал етеді [4]. Сонымен қатар, қабину медиаторлары 2-типті қант диабеті кезінде тұрақты жоғары деңгейде болады, бұл созылмалы қабину процестерінің дамуын және оның жүрек-қантамыр жүйесіне теріс әсерін растайды. Бұл зерттеулердің нәтижелері 2-типті қант диабеті бар науқастарда жүрек-қантамырлық асқынулардың даму қаупін бағалауға мүмкіндік беретін жаңа диагностикалық және прогностикалық әдістерді әзірлеуге негіз бола алады.

Зерттеудің мақсаты. 2-типті қант диабеті кезінде плазмалық микроРНК экспрессиясы, тотығу стресі және қабыну маркерлерінің макротамырлық асқынулардың дамуымен өзара байланысын зерттеу арқылы жаңа болжамдық критерийлерді анықтау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды

1. 2-типті қант диабеті бар науқастарда (қантамырлы асқынуларымен және асқынуларынсыз) және бақылау тобында негізгі микроРНК-лардың (hsa-miR-21-5p, hsa-miR-126-3p, hsa-miR-146a-3p, hsa-miR-155-5p, hsa-miR-210-3p, hsa-miR-484-5p және hsa-miR-27a-3p) салыстырмалы экспрессия деңгейін және биохимиялық көрсеткіштерін анықтау.

2. Қантамырлық асқынулардың болуымен байланысты тотығу стресі маркерлері (LPO, AOPP, NOx) мен антиоксиданттық ферменттердің (SOD, CAT, GPx, GRd, G6PD, GSSG-GSH арақатынасы) белсенділік деңгейлеріндегі айырмашылықтарды зерттеу.

3. 2-типті қант диабеті бар науқастардың қан плазмасындағы қабыну цитокиндерінің (ИЛ-6, ИЛ-8, ИЛ-10, ИЛ-18, MCP-1, TNF- α) деңгейін бағалап, олардың қантамырлық асқынулардың дамуымен байланысын анықтау.

4. Қабыну және тотығу стресі маркерлерімен ең жоғары корреляция көрсететін микроРНК-ларды анықтап, олардың диагностикалық маңыздылығын бағалау.

5. 2-типті қант диабеті бар науқастарда жынысы, липидтік профиль және басқа клиникалық факторлардың микроРНК экспрессиясы мен қабыну маркерлерінің деңгейіне әсерін анықтау.

Зерттеу нысаны: Зерттеу нысандары ретінде 2-типті қант диабеті бар науқастардың (қантамырлық асқынуларымен және асқынуларынсыз) перифериялық қаны, сондай-ақ бақылау тобына енгізілген сау адамдардың қан үлгілері қолданылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде глюкоза, креатинин, триглицеридтер, холестерин (жалпы, ТТЛП, ЖТЛП), инсулин және HbA1c деңгейлерін анықтау үшін биохимиялық әдістер қолданылды. Диссертациялық жұмыс барысында биоматериал үлгілері жинақталып, антропометриялық көрсеткіштер анықталды, липидті профиль (ферментативті әдістер), флуоресцентті спектроскопия әдісі (Bio-Tek Instruments Inc., Winooski, VT, USA), спектрофотометрия әдісі, УФ-спектрофотометрия әдісі, иммуноферменттік талдау (ИФА), нуклеин қышқылдарын бөліп алу, кері транскрипциялық ПТР және нақты уақыт режиміндегі сандық ПТР әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

Статистикалық талдау IBM SPSS Statistics for MacOS, 20.0 нұсқасы арқылы жүргізілді, GraphPad Prism бағдарламалары арқылы жүргізіліп, деректердің қалыпты таралуын тексеру, дисперсиялық талдау, корреляциялық және логистикалық регрессиялық талдау, сондай-ақ ROC-қисығын құру әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Диссертацияның ең маңызды ғылыми нәтижелері:

2-типті қант диабетімен ауыратын науқастарда макротамырлық асқынулардың дамуымен байланысқан плазмалық микроРНК экспрессиясының ерекшеліктері алғаш рет кешенді түрде зерттелді. Антиоксиданттық жүйе ферменттерінің белсенділігін төмендететін және тотыққан зақымдану өнімдерінің жиналуына әкелетін тотығу стресі мен созылмалы қабыну процестерінің микроРНК деңгейіне әсер ететіні анықталды.

Қабыну маркерлері және тотығу стресі көрсеткіштерімен тығыз байланыста болатын микроРНК-лар анықталып, олардың қантамырлық асқынулардың патогенезіндегі функционалдық рөлі негізделді. Алғаш рет молекулалық-биохимиялық көрсеткіштерді біріктіру арқылы диабеттік ангиопатиялардың даму қаупін болжауға арналған кешенді модель ұсынылды. Зерттеу барысында алынған деректер микроРНК-лардың диагностикалық және болжамдық биомаркер ретіндегі клиникалық маңыздылығын дәлелдеп, оларды 2-типті қант диабеті кезінде қантамырлық асқынуларды ерте анықтау мен алдын алу жүйесіне енгізу мүмкіндігін айқындайды.

Жұмыстың теориялық маңызы

МикроРНК тотығу стресі мен эндотелий дисфункциясын реттеуде маңызды рөл атқарады, сондықтан оларды 2-типті қант диабетінің даму деңгейін бағалайтын маркер ретінде қарастыру науқастарды дербес бақылауға және жүрек-қантамырлық асқынулардың алдын алу үшін оңтайлы емдеу әдісін таңдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері тамырлы асқынулардың патогенезінің молекулалық механизмдері туралы түсініктерді кеңейтеді. Айналымдағы микроРНК мен тотығу стресі маркерлері гипергликемия және 2-типті қант диабетінің патофизиологиясы кезінде эндотелий дисфункциясының дамуына қатысады. Олар қантамырлық зақымданулар мен жүрек-қантамырлық асқынулардың болжаушысы бола алады. Бұл маркерлер қант диабетінің жүрек-қантамырлық асқынулар пайда болғанға дейінгі даму барысын болжауға мүмкіндік беріп, қантамырлық зақымданулардың алдын алуға және диабетпен ауыратын науқастар арасында жүрек-қантамырлық аурулардан болатын өлім қаупін төмендетуге ықпал етуі мүмкін. Эпигенетикалық зерттеулер қоршаған орта факторларының метаболизмдік процестерді реттеуге әсерін растайды. Осы тұрғыда микроРНК аурудың динамикасын және жүргізілетін терапияның тиімділігін көрсетуге қабілетті физиопатологиялық биомаркер ретінде әлеуетке ие. Бұл зерттеу молекулалық биомаркерлердің клиникалық тәжірибедегі маңыздылығын растап, 2-типті қант диабеті бар науқастарды дербес бақылау әдістерін одан әрі дамытуға теориялық негіз болады.

Жұмыстың практикалық құндылығы

Зерттеу нәтижелері 2-типті қант диабеті бар науқастар арасында макротамырлық асқыну қаупі жоғары топтарды ерте анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Эндотелийдің қорғаныс механизмдерімен және қабыну процестерімен байланысты микроРНК экспрессиясының өзгерістері қантамырларының қызметін реттеуге бағытталған жаңа терапиялық тәсілдерді дамытуға негіз бола алады. Молекулалық және биохимиялық маркерлерді

камтитын болжамдық модель қантамырлық асқынулар қаупін дәлірек бағалауға көмектесіп, клиникалық тәжірибеде алдын алу стратегияларын жетілдіруге ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының 1 курс «8D05102 – Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша «Зат алмасу және энергияның реттелуі» және «7M05102-Биомедицина» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс манистратура студенттеріне «Қолданбалы эндокринология» оқу курсының бағдарламасына дәріс, семинар сабағы ретінде енгізілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

- 2-типті қант диабетімен ауыратын науқастарда miR-21-5p, miR-126a-3p, miR-146a-3p, miR-155-5p, miR-210-3p, miR-484-5p және miR-27a-3p микроРНК экспрессия деңгейлері зерттеліп, олардың макротамырлық асқынулардың дамуымен байланысы талданды;

- 2-типті қант диабетімен ауыратын асқынулары жоқ және қан тамырлық асқынулары бар науқастар арасында тотығу стресі маркерлері (LPO, AOPP, NOx) мен антиоксиданттық ферменттердің (SOD, CAT, GPx, GRd, G6PD, GSSG-GSH арақатынасы) белсенділік деңгейлеріндегі айырмашылықтар анықталды;

- қабыну кезіндегі бұзылыстар мен микроРНК экспрессиясының өзгерістері арасындағы байланыс орнатылып, олардың қантамырлық асқынулардың дамуына қатысатыны дәлелденді;

- қабыну және тотығу стресі маркерлерімен жоғары корреляция көрсететін негізгі микроРНК анықталып, олардың патогенетикалық маңыздылығы расталды;

- молекулалық және биохимиялық көрсеткіштер негізінде қантамырлық асқынулар қаупін бағалауға мүмкіндік беретін болжамдық модель әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми жұмыс нәтижелерінің жинақталуына диссертанттың жеке үлесі. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері автордың тікелей қатысуымен орындалды. Ізденуші зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеуге, оның мақсаты мен міндеттерін анықтауға, сондай-ақ эксперименттерді жоспарлауға өз үлесін қосты. Автор зерттеулерді жүргізуге, алынған деректерді өңдеуге, талдауға, сонымен қатар, ғылыми жарияланымдарды дайындауға атсалысты.

Тақырыптың зерттеу деңгейі. Диссертациядағы зерттеу жұмыстары физиологиялық, биохимиялық және эпигенетикалық деңгейде орындалды.

Жұмыстың ғылыми зерттеу бағдарламасымен байланыстылығы

Диссертациялық жұмыс 2-типті қант диабеті жағдайында тамырлы асқынулардың патогенезін молекулалық және биохимиялық деңгейде зерттеуге бағытталған ғылыми бағдарламалар аясында орындалды. Зерттеу барысында тотығу стресінің, қабыну процестерінің және антиоксиданттық қорғаныс жүйесінің бұзылыстарының микроРНК экспрессиясына әсері, сондай-ақ олардың эндотелий дисфункциясы мен макротамырлық асқынулардың

дамуындағы рөлі қарастырылды. Жұмыс микроРНК-лардың биомаркерлік және болжамдық маңыздылығын бағалауға, сондай-ақ олардың негізінде қантамырлық асқынулардың даму қаупін болжауға мүмкіндік беретін диагностикалық модель әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеу міндеттерімен үйлеседі.

Диссертациялық жұмыс халықаралық жоба бойынша (Grant for the Research Project by the Fundación Eugenio Rodríguez Pascual, Call 2021, CIBERfes (CB16-10-00238, ISCIII) Гранада университеті, Биомедицина зерттеу орталығының «Жасушааралық байланыс CTS-101» зертханасында жүргізілді, ғылыми жобаның жетекшісі Гранада университетінің профессоры, PhD Русанова И., жұмыстың бір бөлігі отандық ғылыми жетекші профессор Н.Т.Аблайханованың жетекшілігімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының «Биофизика, биомедицина және хронобиология» зертханасы негізінде жүзеге асырылды.

Жұмыстың апробациясы

Зерттеу нәтижелері және диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары төмендегідей халықаралық және республикалық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

- «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясы (2021-2024 жж, Алматы, Қазақстан);
- EUROMIT 2023 (Bologna, Italy)
- BALS-2024 workshop (Granada, Spain)
- BIO Web of Conferences 100, 01008 (2024).

Басылымдар: Зерттеу жұмысының нәтижелері 14 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде Scopus және Web of science деректер базасына кіретін шетелдік Antioxidants IF-7.675, Q1; International Journal of Molecular Sciences IF 6.2, Q1 журналдарында жалпы саны 2 мақала; ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК ұсынған басылымдарда 4 мақала; шет ел және халықаралық-республикалық конференция материалдары жинақтарында 8 тезис жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыс 130 мәтіндік беттен және нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері және оларды талқылау, қорытынды, 226 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады, құрамында 37 сурет, 10 - кесте бар.

1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

1.1 2-типті қант диабетіндегі эндотелий дисфункцияның молекулалық механизмдері және олардың макротамырлық асқынулармен байланысы

Қазіргі уақытта қант диабеті және онымен байланысты асқынулар бүкіл әлемде ауру мен өлімнің өте кең таралған себебі болып табылады. Қант диабеті көп жағдайда гипергликемиямен байланысты, бұл қандағы глюкозаның жоғарылауын білдіреді [5]. 2-типті қант диабетінің дамуында ұйқы безінің қызметі негізгі рөл атқарады, дәлірек айтсақ, 2-типті қант диабетінің себебі қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауымен сипатталатын, ұйқы безінің Лангерганс аралшықтарында орналасқан β -жасушалар бөліп шығаратын инсулиннің жеткіліксіздігі болуы мүмкін [6]. Нәтижесінде бұл зат алмасуының барлық түрлерінің бұзылуына, қан тамырларының зақымдалуына және қант диабетімен байланысты асқынуларға әкеледі. Мұндай микро-және макротамырлы асқынуларға мыналар жатады: жүрек-қан тамырлары асқынулары, диабеттік нейропатия, ретинопатия, нефропатия және бауыр, бүйрек және жүрек тарапынан болатын көптеген басқа да асқынулар [7]. Қант диабетінің дамуын және оның асқынуларының таралуын түсіну оңай емес, өйткені бұл механизмдер күрделі болып табылады. Қант диабетінің тамырлы асқынуларының патогенезінде эндотелиальды дисфункция маңызды рөл атқарады [8]. Осылайша, қант диабетінің патогенезіне қатысатын эндотелий дисфункциясының механизмін түсіну диабеттің әртүрлі асқынуларынан дамитын жүрек-қан тамырлары қатерлерінің алдын алу үшін қажет.

Тамырлы эндотелий - бұл қан тамырларының ішкі бетінде орналасқан құрылым. Ол жұқа әрі жалпақ пішінді болып келетін жасушалар - эндотелиоциттерден құралған. Тамырлы эндотелий бірқатар тіршілік үшін маңызы зор қызметтерді атқарады және көп қырлы мүше болып табылады. *Shalini Jamwal & Saurabh Sharma* өз зерттеулерінде тамырлы эндотелий өзінің тасымалдау және реттеу қызметтерінен басқа, метаболикалық белсенділікке ие екендігін және эндокриндік, сонымен қатар паракриндік бездер сияқты әрекет ете алатындығына дәлел келтірген [9]. Эндотелий өте сезімтал мүше, ол алғашқылардың бірі болып ағымдағы сұйықтықтың механикалық әсеріне, бұлшықет қабаты арқылы пайда болатын қан қысымына және басқа да өптеген сыртқы және ішкі факторларға жауап қайтарады [10]. Адам ағзасында тамырлы эндотелий қан мен тіндер арасында тосқауыл қызметін атқарады, сонымен қатар ангиогенезде маңызды рөл атқарады. Мұнымен қоса, эндотелий жасушалары үлкен қорғаныс қызметін атқарады, олар қан тамырларының қабырғасын әртүрлі сыртқы факторлардың қолайсыз әсерінен қорғайды. Олар бұл қорғаныс функциясын азот монооксидін (NO) өндіру арқылы іске асырады [11].


Эндотелий жасушаларымен (eNOS) синтезделетін NO тромбоциттер қызметін тежейді, осылайша тромбтың пайда болуына жол бермейді. Сонымен қатар, NO бөлінуінің әсерінен лейкоциттер артерия қабырғаларына еніп, қабыну үдерісін тудыра алмайды және NO синтезі тегіс бұлшықеттің

пролиферациясын тежейді, оның релаксациясына септігін тигізеді [12]. Жоғарыда айтылғандарға қосымша, NO вазодилацияға ықпал етеді, яғни қан тамырлары ішіндегі кеңістікті кеңейтеді, осылайша тіндерге оттегінің жеткізілуін қамтамасыз етеді. Бұл эндотелийдің вазомоторлы функциясы деп аталады. NO-дан басқа, эндотелий простациклин (PGI₂) және/немесе эндотелийдің гиперполяризация факторы сияқты бірқатар маңызды вазодилатациялық заттарды синтездейді [13]. Простациклиндер өз кезегінде қанның ұюын болдырмайды, қан тамырларын липидті түйіршіктердің (бляшкалардың) пайда болуынан қорғайды және жүрек-тамыр асқынуларының алдын алады. Эндотелий жасушалары бөліп шығаратын вазоконстрикторлы факторларға эндотелин, тромбоксан A₂, 20-НЕТЕ (20-гидрооксиэйкозотетраен қышқылы), ангиотензин II жатады [14]. Сонымен қатар, тамырлардың кеңу (вазодилация) мен тамырлардың тарылу (вазоконстрикция) белсенділігіне әсер ететін факторлар аз емес. Эндотелий қызметінің бұзылуы осы факторлар арасындағы тепе-теңдіктің жоғалуына әкеледі, мұның бәрі кешенді түрде эндотелий дисфункциясының пайда болуына себеп болады.

Жалпы ағзаның тұрақтылығының бұзылуына және эндотелий дисфункциясына әкеп соқтыратын бірнеше ынталандырушы факторлар бар: созылмалы ауырсыну жағдайлары, 2-типті қант диабеті, семіздік, дислипидемия, темекі шегу және қан айналымының бұзылуы. Эндотелий жасушаларының (ЭЖ) дисфункциясының өзіне тән бес негізгі механизм анықталған [15]. Оларға қан тамырларының тұтастығын жоғалтуы, адгезия молекулаларының белсенділігінің жоғарылауы, протромботикалық фенотип, цитокиндердің өндірісі және адам лейкоциттерінің антиген молекулаларының реттелуінің жоғарылауы жатады [16]. Белгілі болғандай, ЭЖ дисфункциясы жалғыз жүретін патологиялық жағдай емес, эндотелийдің гомеостатикалық функцияларын жоғалтуға әкелетін тамырлы тонустың, өткізгіштіктің, қабынудың патофизиологиялық гетерогенді өзгерістерімен байланысты фенотиптердің кең спектрі екені мәлімделген. Өткізгіш және резистивті артерия тамырларының эндотелиальды дисфункциясы вазомоторлық реакцияларға әсерін тигізеді (сурет 1). Эндотелий дисфункциясы трансэндотелий ағынының реттелуінің бұзылуына себеп болады, бұл интимдегі молекулалар мен жасушалардың қалыптан тыс тұндырылуына әкеледі. Сонымен қатар, ерте атеросклерозға тән белгілер, яғни, интиманың кеңеюі және жергілікті қабыну байқалады. Инсулинге резистенттілік және 2 типті қант диабеті ең көп таралған метаболикалық бұзылулардың бірі және атеросклерозды және оның мерзімінен бұрын асқынуын тездететін негізгі факторлар болып табылады [17]. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, eNOS тапшылығы бар жануарларда қант диабетіне тән инсулинге резистенттілік және метаболикалық бұзылулар, оның ішінде триглицеридтер мен бос май қышқылдарының деңгейінің жоғарылауымен сипатталатын митохондриялық дисфункция сияқты белгілер пайда болған [18, 19]. Семіздік, дислипидемия, гипертония және глюкоза алмасуының бұзылуы сияқты

метаболикалық синдромдардың жиынтығы эндотелиальды дисфункциямен де, жүрек-тамыр аурулары және 2-типті қант диабеті қаупінің жоғарылауымен де байланысты болып келеді. Кең мағынада инсулинге резистенттілік - бұл инсулинге тәуелді әртүрлі тіндердегі, соның ішінде гепатоциттер, миоциттер, май тіндері және эндотелийдегі инсулиннің метаболикалық әсеріне сезімталдықтың төмендеуі [20]. Инсулинге резистенттілік эндотелий дисфункциясының бірқатар күрделі және өзара байланысты патофизиологиялық механизмдерімен сипатталады. Осы механизмдердің бірі eNOS-ті іске қосуды реттейтін сигналдық жолдарды өзгерту болып табылады. Инсулинге резистенттілік эндотелий жасушаларында және басқа жасуша түрлерінде PI-3 киназа/Akt сигналдарының селективті бұзылуымен сипатталады [21]. Инсулинге резистенттілік кезінде Pi-3 киназасы/Akt арқылы eNOS активтенуі инсулинге жауап ретінде ғана емес, сонымен қатар сұйықтықтың ығысу кернеуі сияқты басқа да физиологиялық ынталандыруларға жауап ретінде де бұзылатынын атап өткен жөн, сонымен бірге инсулиннің қолайсыз вазоконстрикторлы, протромботикалық және қабынуға қарсы әсерлері шектелмеген болып қалады, бұл тамырлы аурулардың дамуына ықпал етуі мүмкін [22]. Тотығу стресі және қабыну инсулинге резистенттілік кезіндегі эндотелий дисфункциясының маңызды механизмдері болып табылады. Эндотелий жасушаларына гипергликемияның, висцеральды май тінінен босатылған май қышқылдарының, ангиотензин II және гликирленудің соңғы өнімдерінің әсер етуі супероксидтің және оттегінің белсенді түрлерінің (ОБТ) басқа белсенді формаларының пайда болуына әкеледі. Оттегінің белсенді формалары NO-мен өзара әрекеттесе отырып, пероксинитрит түзеді, ол липидтер, ақуыздар және ДНҚ-ны қоса алғанда әртүрлі жасушалық компоненттерге зиянды әсер ететін улы қосылыс болып табылады [23]. Пероксинитрит сонымен қатар, eNOS белсенділігін тежейді және қан тамырларының тегіс бұлшықетті жасушаларының NO-ға сезімталдығын төмендетеді. Тетрагидробиптериннің тотығуы (eNOS үшін негізгі кофактор) eNOS-тің синтезіне әкеледі және оның ОБТ генераторына айналуына жағдай жасайды. Бұл тотығу стресінің күшеюін ынталандырады, ал ОБТ деңгейінің жоғарылауы эндотелий дисфункциясы мен апоптозды тудырады, қабынуға ықпал етеді және қан тамырларының тегіс бұлшықетті жасушаларының пролиферациясын белсендіреді [24]. Цитокиндер, атап айтқанда, α ісік некрозының факторы, эндотелин-1 өндірісін және NF- κ B экспрессиясын жоғарылату арқылы eNOS белсенділігін төмендететіні анықталған [25]. NF- κ B ядролық факторы -эндотелий жасушаларының фенотипін қабынуға қарсы және протромботикалық түрге айналдыруда маңызды рөл атқаратын ген экспрессиясының негізгі реттегіші болып табылады. Бір қызығы, NF- κ B белсендірілуі инсулинге бұрыннан қалыптасқан резистенттілікті одан әрі күшейтуі мүмкін. Гипергликемия NADPH-оксидазаның және ОБТ түзілуіне жауапты басқа да ферменттердің белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, созылмалы гипергликемия жасушалық рецепторлармен өзара әрекеттесетін қанттардың, липидтердің және

акуыздардың қайтымсыз өзара байланысқан гетерогенді туындыларының, соның ішінде ең көп зерттелгені, гликирленудің соңғы өнімдерінің пайда болуына әкеледі [26].



Сурет 1 - 2-типті қант диабетінің асқынулары
(сурет Luo және басқ. мақаласынан бейімделіп алынған)

Ескерту – Дереккөз [27]

Көптеген жағдайларда инсулинге резистенттілік семіздікпен және липопротеин метаболизмінің протерогенді бұзылуымен сипатталады.

Тотығу стресі инсулинге резистенттіліктің дамуында және қант диабетінің микро және макро- тамырлы асқынуларында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, диабеттің пайда болуы жасуша компоненттерінің деградациясына қатысатын жасушалық аутофагияның бұзылуымен де байланысты болып келеді. Аутофагия және тотығу стресі бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені аутофагия ОБТ түзілетін орындардың, яғни, митохондрия сияқты органеллалардың деградациясына жауап береді. Аутофагияның бұзылуы іс

жүзінде дисфункционалды митохондриялардың жинақталуын тудырады, бұл ОБТ өндірісінің ұлғаюына әкеледі [28]. Демек, қант диабетімен байланысты аутофагияның бұзылуы ОБТ мөлшерін жоғарылатуда негізгі рөл атқарады [29].

Диабеттік жағдайларда, шын мәнінде, үлкен және кіші тамырлардың эндотелий жасушаларында, сондай-ақ миокардта митохондриялық супероксидтің шамадан тыс көбеюі байқалады [30]. Супероксид өндірісі қант диабетінің асқынуларының патогенезіне қатысатын бес негізгі жолды белсендіруге жауап береді: полиол жолының ағымы, гликирленудің соңғы өнімдерінің түзілуі, олардың рецепторларының және оны белсендіруші лигандтардың жоғарылауы, протеинкиназа сизоформаларының активтенуі және гексозамин жолының гиперактивтілігі [31]. Осы жолдар арқылы жасушаішілік ОБТ-ның ұлғаюы ишемияға жауап ретінде ангиогенездің бұзылуын тудырады, бірқатар қабынуға қарсы жолдарды белсендіреді және ұзақ эпигенетикалық өзгерістерді тудырады. 2-типті қант диабеті кезіндегі атеросклероз және кардиомиопатия ішінара инсулинге селективті резистенттіліктен туындайды, бұл бос май қышқылдарынан митохондриялық ОБТ-ның өндірілуін арттырады [32]. Шынында да, қант диабеті бар трансгенді егеуқұйрықтарға жүргізілген зерттеулер супероксидті дисмутазаының шамадан тыс экспрессиясы диабеттік ретинопатия, нефропатия және кардиомиопатияның алдын алатындығын көрсеткен [33, 34]. Инсулинге резистенттілікті қалыптастыруда Nrf2 факторымен байланысты NF-E2 транскрипцияның тотығу факторы маңызды рөл атқарады [35]. Диабеттік ретинопатия бүкіл әлемдегі еңбекке қабілетті жастағы ересектер мен қарт адамдар арасында диабетпен байланысты асқынулардың немесе көру қабілетінің жоғалуының негізгі себебі болып табылады. ОБТ шамадан тыс жинақталуы митохондрияның дисфункциясына, жасушалық апоптозға, қабынуға, липидтердің асқын тотығуына, сондай-ақ көздің торлы қабығындағы құрылымдық және функционалдық өзгерістерге әкеледі [36]. Диабеттік ретинопатияның дамуына әкеп соқтыратын тотығу стресімен байланысты механизмдер күрделі болып табылады. Торлы қабықтың тотығу стресіне сезімтал болып келуі тек қана жарық немесе ультрафиолет сәулелерінің тұрақты әсеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар торлы фоторецепторлардың сыртқы сегменттерінің мембраналарында оңай тотығатын полиқанықпаған май қышқылдарының көптеп кездесуіне байланысты [37]. Адам көзінің торлы қабығында фоторецепторлардың сыртқы сегменттерінде орналасқан негізгі полиқанықпаған май қышқылдары құрамында докозагексаен қышқылы, арахидон қышқылы және олеин қышқылы болады және осы үш ПМК сәйкесінше май қышқылдарының жалпы мөлшерінің шамамен 50%, 8% және 10% құрайды [38]. Демек, ОБТ өндірісін тежеу торлы қабықты гипергликемия әсерінен туындайтын тотығу стресінен қорғайды. Көптеген дәлелдер гипергликемия тотығу стресінің жоғарылауына әкелетінін дәлелдейді, бұл өз кезегінде, эндотелий, тор, мезангиальды және жүйке жасушаларына зақым келтіру арқылы диабеттік нейропатияның дамуында маңызды рөл атқарады [39]. Митохондриядағы

глюкозаның тотығуының бұзылуы қант диабеті кезінде ОБТ түзілуінің негізгі көзі болып табылады деп саналады. Алайда, диабеттік жағдайда глюкоза метаболизмінің бұзылуы глюкозаны немесе аралық гликолиз өнімдерін басқа метаболикалық және метаболикалық емес жолдарға ауыстырады, нәтижесінде митохондрияға протондардың митохондрияға оралу жылдамдығы жоғарылап, АТФ түзілуі тежеледі. Аксондар жүйкелерді қанмен тікелей қамтамасыз ете алатын митохондрияға бай болып келеді. Нейронның артық ОБТ-ын детоксикациялай алмауы, АТФ-тің жеткіліксіз өндірілуімен қатар, аксондарды гипергликемия кезінде АФК-мен туындаған зақымға сезімтал етеді, бұл өз кезегінде аксондардың дегенерацияға ұшырауын тездетеді [40]. Тотығу стресінің нәтижесінде эндотелий жасушаларының өзгеруі және NO өндірісі төмендейді, бұл көптеген метаболикалық бұзылыстарды, соның ішінде қант диабетінің түрлі асқынуларын тудырады [41].

2-типті қант диабеті мен оның асқынуларының дамуы көбіне генетикалық факторлар мен қоршаған ортаның әсерлерінің, атап айтқанда тамақтану мен өмір салтының күрделі өзара әрекеттесуіне байланысты болып табылады. Бұл факторлар аурудың өршуін тездетуі де, баяулатуы да мүмкін. ҚД2Т-нің дамуына ықпал ететін аталған факторлардың ортақ белгісі - олардың қабыну жауабын қоздыру қабілеті, бұл өз кезегінде қабыну арқылы туындайтын инсулинге резистенттілік пен эндотелийдің дисфункциясына алып келеді.

1.1.1 Метаболикалық синдром және тамыр жүйесіне әсері

Метаболикалық синдром - бұл семіздік, инсулинге төзімділік, артериялық гипертензия, көмірсу алмасуының бұзылуы, холестерин мен триглицеридтер деңгейіндегі ауытқулар сияқты қан тамырлары қаупімен байланысты факторлардың жиынтығын қамтитын күрделі патологиялық жағдай [42]. Бұл жүрек-қан тамырлары аурулары мен 2-типті қант диабетінің даму ықтималдығын едәуір арттырады, сонымен қатар тамырлар мен ішкі мүшелердің зақымдануымен қатар жүретін созылмалы қабыну және тотығу стресімен байланысты болып келеді. Метаболикалық синдром бүкіл әлем бойынша ересектердің шамамен 20-30%-да кездеседі және 2-типті қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары мен бауырдың алкогольсіз майлы ауруы қаупін арттырады [43]. Оның пайда болуының нақты себептері толық зерттелмегенімен, бұл жағдай генетикалық факторлар мен өмір салтының жиынтығына байланысты деп саналады. Дұрыс емес тамақтану, қимыл-қозғалыстың аздығы және кортикостероидтар мен антипсихотиктер сияқты кейбір дәрі-дәрмектерді қабылдау да қозғаушы рөл атқарады. Сондай-ақ, метаболикалық синдром созылмалы қабынумен, эндотелий дисфункциясымен және метаболикалық бұзылулармен байланысты, бұл қан тамырлары асқынуларының қаупін одан әрі арттырады [44].

Ағзаның сыртқы ортамен өзара әрекеттестігінің айқын мысалдарының бірі - соңғы гликация өнімдерінің (AGEs) ағзаға түсуі. Тамақты термиялық өңдеу, сондай-ақ консервілеу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты технологиялар әртүрлі тағамдық соңғы гликация өнімдерінің, яғни

гликотоксиндердің түзілуіне ықпал етеді [45]. Бұл экзогенді AGEs ағзадағы жалпы соңғы гликация өнімдерінің қорын арттырып, метаболикалық жадының қалыптасуына әкеледі. AGEs-тің ұзақ мерзімді жинақталуы созылмалы қабыну, тотығу стресі және қан тамырларының зақымдалуымен байланысты, бұл метаболикалық синдромның туындауын және оның асқынуларының дамуын тездетеді [46].

Эпигенетика бұл ДНҚ тізбегінің өзін өзгертпестен кодталмаған нуклеин құрылымдарына әсер ететін гендердің экспрессиясы мен жұмысындағы тұқым қуалайтын өзгерістер механизмі болып табылады. Негізгі эпигенетикалық модификацияларға ДНҚ метилденуі, посттрансляциялық гистон өзгерістері және қоршаған орта факторларына жауап ретінде гендердің транскрипциялық белсенділігіне әсер ететін кодталмаған РНҚ реттелуі жатады [47]. Бұл процестер жасушалық метаболизмді бақылауда, қолайсыз жағдайларға бейімделуде және әртүрлі аурулардың, соның ішінде метаболикалық синдромның, 2-типті қант диабетінің және жүрек-қан тамырлары асқынуларының патогенезінде маңызды рөл атқарады. Ұзақ мерзімді адамдарға жүргізілген зерттеулер көрсеткендей 1 типті қант диабетінің ерте сатысында қарқынды терапияны қолдану дәстүрлі емдеу әдістерімен салыстырғанда микроаурулық асқынулардың (ретинопатия, нейропатия және нефропатия), сондай-ақ макроаурулық (инсульт, атеросклероз және жүректің ишемиялық ауруы) аурулардың пайда болуы мен дамуын айтарлықтай баяулататыны анықталды [48]. Науқастарға жүргізілген 10 жылға жуық зерттеу нәтижелері глюкоза деңгейін ерте кезде бақылауға алудың макроаурулық өзгерістердің өршуіне және фульминантты миокард инфарктісі, цереброваскулярлық аурулар немесе жүрек-қан тамырлары асқынуларының салдарынан өлімге ұшырау қаупінің айтарлықтай төмендеуіне тұрақты оң әсерін көрсетті [49]. Бұл нәтижелер зерттелген топтардағы орташа гликемиялық бақылау үдерісі (HbA1c) көрсеткіштерінің ұқсастығына қарамастан гликемия деңгейіне ерте және қатаң бақылау жүргізудің микро- және макроциркуляторлық жүйеге оң әсер ететінін көрсетеді. «Метаболикалық жады» феномені 2-ші типті қант диабетінде декездеседі, бұл United Kingdom Prospective Diabetes Study (UKPDS) зерттеуінде дәлелденген [50]. Аталған зерттеуге жаңа диагностикаланған 2-ші типті қант диабеті бар 5102 науқас қатысқан. Орташа есеппен 10 жылға созылған зерттеу барысында HbA1c деңгейі жоғарылайтын болса да, ерте гликемиялық бақылау нәтижесінде қант диабетінің тамырлы асқынуларының қаупі төмендейтіні анықталды. Екінші жағынан, адам өмірінің алғашқы кезеңдерінде "метаболикалық бағдарламалау" құбылысы байқалады, бұл болашақта метаболикалық бұзылулардың дамуына әсер етуі мүмкін. Демек, зат алмасу процестері қалыптасуының маңызды кезеңдеріндегі сыртқы және ішкі факторлардың ағзаға әсері ересек жастағы метаболикалық ауруларға бейімділікті алдын ала анықтай алатынын білдіреді. Сонымен қатар, метаболикалық аурулардың ерте кезеңдерінде пайда болатын өзгерістер жиі қайтымсыз және диагноз қойылғаннан кейін емделуі күрделі болып табылады, бұл өз кезегінде, ерте алдын алу шаралары мен ауруды уақытылы анықтаудың

маңыздылығын көрсетеді [51]. Мысалы, созылмалы гипергликемияның эндотелий жасушаларына ұзақ уақыт әсер етуі эндотелий дисфункциясының дамуына әкеледі, бұл 2-типті қант диабетінің клиникалық диагнозына дейінгі "метаболикалық есте сақтау" құбылысымен байланыстырылады [52]. Яғни, бұл одан әрі гликемиялық бақылауды тұрақты жүргізіп отырғанмен науқастарда әлі де тамырлы асқынулардың даму қаупі жоғарылауы мүмкін екенін білдіреді. Мұндай өзгерістер қандағы глюкоза деңгейі қалыпқа келгеннен кейін де тамыр жүйесіне әсер етуді жалғастыратын тотығу стресінің, қабыну процестерінің және эпигенетикалық модификациялардың жинақталуымен байланысты болып табылады [52, р. 157]. Метаболикалық жадының қалыптасуына және тамырлы асқынулардың дамуына қатысатын әртүрлі метаболикалық жолдардағы эпигенетикалық өзгерістерді зерттеу өзекті мәселеге айналуда. Бұл зерттеулер глюкоза деңгейін қалыпқа келтіргеннен кейін де гипергликемияның жасушалар мен тіндерге ұзақ мерзімді әсер ету механизмдерін айқындайды.

Эпигенетикалық посттрансляциялық гистон модификациялары DCCT/EDIC зерттеулеріне қатысушылардың лейкоциттерінде зерттелді. Талдауға DCCT стандартты терапия тобынан 30 науқас іріктеліп алынды, оларда орташа HbA1c деңгейі жоғары болып, 10 жылдық бақылау барысында ретинопатия немесе нефропатияның прогрессиясы байқалды. Бақылау тобына 31 науқас кірді, олар қарқынды гликемиялық терапия алып отырды және EDIC зерттеуінің 10 жылдық кезеңінде асқынулар болмады. Асқынулары бар науқастардың моноциттерінде H3 гистонының лизин-9 ацетилденуіне (H3K9Ac) ұшыраған промоторлық аймақтарының санының статистикалық тұрғыдан едәуір артқаны анықталды [53]. Бұл эпигенетикалық маркер гендердің транскрипциялық белсенділігінің жоғарылауымен байланысты болып келеді, осылайша метаболикалық жады механизмдері мен тұрақты қабыну жағдайының қалыптасуына ықпал етіп, қан тамырлары асқынуларының дамуына әсер етуі мүмкін. Гистондардың гиперацетилденуі хроматиннің босатылуына және гендердің белсенді экспрессиясына ықпал ететіндігін ескере отырып, бұл промоторлық аймақтарда транскрипцияның жоғарылауына әкелетін белсендіруші белгі болды. 15-тен астам ген иммундық жауап пен қабыну процестерін реттеуде шешуші рөл атқаратын каппа-В ядролық факторының (NF-κB) қабыну жолымен байланысты қызмет атқарады [54]. Бұл HbA1c мен аурудың өршуіне қатысатын гендердің промоторлық аймақтарындағы эпигенетикалық өзгерістер арасындағы байланысты ашып көрсеткен алғашқы адамдарға жүргізілген зерттеулердің бірі болып табылады.

Бірнеше зерттеулер глюкозаның әсерінен туындаған ген экспрессиясының өзгеруі қант диабетімен ауыратын науқастарда гликемия деңгейі қалыпқа келгеннен кейін де сақталатынын көрсетеді. Атап айтқанда, Al-Dabet және бірлескен авторлар р21 ақуызы диабеттік бүйрек ауруы (ДБА) кезінде гипергликемиялық жадының медиаторы және биомаркері ретінде шешуші рөл атқаратынын анықтады [55, 56]. Бұл деректер метаболикалық жады тұжырымдамасымен сәйкес келеді, яғни ұзақ уақытқа созылған гипергликемия молекулалық деңгейде тұрақты өзгерістердің туындауына әкеледі, осылайша,

кандағы қант деңгейі реттелгеннен жағдайда да диабеттік асқынулардың өршуіне ықпал етеді. p21 экспрессиясының жоғарылауы жануарлардың әртүрлі үлгілерінде, адам тіндерінде және *in vitro*-да анықталды, тіпті SGLT2 немесе инсулин ингибитрлерінің көмегімен глюкоза деңгейі төмендеген жағдайда да тұрақты болып қалды [57]. Бүйрек түтікшелерінің жасушаларында тұрақты p21 экспрессиясын реттеудің болжамды механизмі ДНҚ метилтрансфераза 1 (DNMT1) экспрессиясының төмендеуіне байланысты оның промоторының деметилденуімен байланысты болды [58]. DNMT1 p21 промоторының метилденуіне және оның экспрессиясының төмендеуіне ықпал етеді. Бұл механизмнің маңыздылығы p21 ақуызы жасушалық қартаюмен және оның маркерлерімен тығыз байланысты болуында. Оған қартаюға байланысты секреторлық фенотип (SASP) гендерінің, соның ішінде IL-1 β және IL-6 және циклин-тәуелді киназа тежегіштерінің (p15, p16, p19) белсендірілуі жатады [59].

Деректер ДНҚ метилденуі және трансляциядан кейінгі гистон модификациялары сияқты эпигенетикалық механизмдер гипергликемиялық жадыны қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Эпигенетикалық өзгерістерге хроматиннің қайта құрылуы ғана емес (мысалы, ДНҚ мен гистон метилденуі, гистон ацетилденуі және N6-метиладенозин (m6A) модификациясы), сонымен қатар кодталмаған РНҚ модификациялары (ncRNA) жатады. Реттеуші ncRNA ұзындығына қарай екі топқа бөлінеді: қысқа ncRNA (микроРНҚ және т.б.) және ұзын кодталмаған РНҚ (lncRNA) [60].

Созылмалы төмен дәрежелі қабыну процесі семіздікпен қатар жүретіні белгілі және метаболикалық аурулардың дамуының жалпы факторы болып табылады. Жинақталған деректерге сәйкес, созылмалы қабыну мен тотығу стресінің жоғары деңгейі организмнің метаболикалық гомеостазын бұзатындығы, инсулинге төзімділіктің дамуына және әртүрлі органдардың метаболикалық қайта құрылуына ықпал ететіндігі дәлелденген. Ұйқы безі деңгейінде бұл өзгерістер β -жасушаларында инсулин өндірісінің бұзылуына, ал инсулинге тәуелді тіндерде инсулинге сезімталдықтың төмендеуіне әкеледі [61]. Нәтижесінде көмірсулар алмасуының жүйелік теңгерімсіздігі дамиды, бұл 2-типті қант диабетінің өршуіне және онымен байланысты асқынуларға себеп болады.

Сонымен қатар, инсулинге тәуелді емес жасушаларда, әсіресе эндотелийде бұл өзгерістер эндотелий дисфункциясына және жүрек-қан тамырлары асқынуларының дамуына әкеледі. Зерттеулер макрофагтардың метаболикалық қайта құрылуын, олардың бауыр, ми, ұйқы безі және май тіні сияқты метаболикалық белсенді органдарға инфильтрациясын, сондай-ақ байланысты аурулардың дамуына ықпалын көрсетеді [62]. Осы тұрғыда тамақтану мен май тінінің рөлінің өзара байланысы байқалады, өйткені ол қабынуға қарсы гендердің экспрессиясының өзгеруі арқылы қайта құрылымдалады. Семіздік кезінде май тінінде эпигеномдық өзгерістер мен макрофагтар бөлетін өнімдер тіндік макрофагтардың қабынуға қарсы (M1-поляризацияланған) фенотипке ауысуына ықпал етеді, бұл инсулинге төзімділіктің дамуына әсер етеді [63]. «Мета-қабыну» (metaflammation) термині метаболикалық ауруларды

сүйемелдейтін қабынуды білдіреді және қоректік заттардың артық мөлшерінен туындаған созылмалы қабыну процесімен сипатталады. Қазіргі уақытта «мета-қабыну» тұжырымдамасы кеңінен танылған [64].

Метаболикалық аурулар кезінде тотығу стресінің жоғарылауы мен созылмалы қабыну арасында тығыз байланыс бар, сонымен қатар митохондрия шешуші рөл атқарады. Кейбір зерттеулер митохондриялық дисфункция мен тотығу стресінің метаболикалық синдромның дамуына қатысатынын және әртүрлі тіндер мен мүшелердегі инсулинге төзімділіктің, қабынудың және жасуша өлімінің өршуіне ықпал ететінін көрсетеді. Бұл процестер әсіресе қант диабеті кезінде және бауыр, бұлшықет пен май тіндері сияқты тіндерде глюкоза мен майлар жиналатын метаболикалық бұзылулар үшін маңызды болып табылады. Инсулинге төзімділік метаболикалық синдромның және 2-типті қант диабетінің негізгі ерекшелігі болып табылады, ол қандағы глюкозаның жоғарылауына әкеледі [65].

Осы мәліметтерге сүйенсек, тотығу стресі мен созылмалы қабыну метаболикалық аурулардың патогенезінде күшейтетін факторлар ретінде бірігіп әрекет етеді. Митохондриялық дисфункция бұл процестерді дамытып, инсулинге төзімділік пен метаболикалық синдромның, соның ішінде 2-типті қант диабетінің дамуына және асқынуына ықпал етеді.

1.1.2 Тотығу стресінің биомаркерлері және олардың жүрек-қантамыр асқынуларымен байланысы

Жасушаларда оттегінің белсенді түрлерінің көптеген көздері бар, соның ішінде митохондриялық дисфункция және NADPH оксидазалары (NOX), ксантиноксидаза (ХО), липооксигеназа, миелопероксидаза (МР) және ажыратылған азот оксиді синтазасы (eNOS) сияқты прооксидантты ферменттердің белсендірілуі [65, р. 2611]. Сонымен қатар, антиоксиданттық жүйелердің белсенділігінің төмендеуі қарастырылады, бұл ROS түзілуі мен оларды бейтараптандыру арасындағы теңгерімсіздікке әкеледі. Аталған теңгерімсіздік метаболикалық аурулардың, соның ішінде қант диабеті, жүрек-қан тамырлары аурулары және нейродегенеративті бұзылулардың патогенезінде маңызды рөл атқаратын тотығу стресіне ықпал етеді [66].

Митохондриялар - электрондарды тасымалдау тізбегі (ЭТТ) жұмысы кезінде электрондардың босап шығуынан туындайтын оттегінің белсенді түрлерінің негізгі көзі болып табылады. Бұл процесс NADH және FADH₂ электрондарының I және III кешендер деңгейінде босатылуы арқылы жүзеге асады. Гипергликемия жағдайында жасушаның тотығу метаболизмі күшейіп, қалпына келтіретін эквиваленттердің (NADH+H, FADH₂) жиналуы тыныс алу тізбегін электрондармен қамтамасыз етеді, бұл олардың көп мөлшерде босап шығуына және супероксидтік радикалдың (O₂—•) түзілуінің күшеюіне әкеледі [67]. ОБТ басқа молекулалармен әрекеттесіп немесе екінші реттік белсенді оттегі түрлерін түзіп, тотығу стресінің күшеюіне және жасушалық құрылымдардың зақымдалуына ықпал етуі мүмкін. Супероксид митохондриялық матрицада кездесетін Mn-тәуелді супероксид дисмутаза

Зерттеуге қатысушылардың перифериялық қан үлгілері 10-12 сағаттық түнгі ашығудан кейін шынтақ венасынан ЭДТА қосылған пробиркаларға алынды. Пробиркаларға этилендиаминтетраацетат қышқылының қосылуы қанның ұюын болдырмайды. Бұл қан плазмасын және жасушалық компоненттеріне жүргізілетін кейінгі талдаулар үшін маңызды. Қан үлгілері 3500 айн/мин жылдамдықта 4°C температурада 15 минут бойы центрифугаланды. Бұл әдіс қанды бірнеше фракцияға бөлуге мүмкіндік береді: плазма, лейкоцитарлы-тромбоцитарлы қабат және эритроциттік масса [172]. Төмен температурада центрифугалау биомолекулалардың, соның ішінде микроРНК мен ақуыздардың ыдырауының алдын алады. Алынған плазма мен эритроцит үлгілері кейінгі зерттеулерге дейін -80°C температурада сақталды. Терең мұздату микроРНК, ақуыздар және басқа да биомолекулалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, себебі олар жоғары температурада тез деградацияға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар, медициналық тексеру кезінде қатысушылардың ауру тарихы мен антропометриялық көрсеткіштері, оның ішінде дене салмағы мен бойы тіркелді.

2.2 Биохимиялық талдау

Биохимиялық және гематологиялық параметрлер зерттеуге қатысқан ауруханалардың клиникалық-диагностикалық зертханаларында талданды. Глюкоза, креатинин, мочевина, триглицеридтер, жалпы холестерин, ЖТЛ (HDL) және ТТЛ (LDL) деңгейлерін анықтау үшін Cobas c501 (Roche Diagnostics, Мангейм, Германия) анализаторын пайдалана отырып, колориметриялық ферментативті әдістер қолданылды [173].

Инсулин концентрациясы электрохемилюминесценттік иммуноанализ (ECLIA) әдісімен Cobas e801 (Roche Diagnostics, Мангейм, Германия) анализаторында анықталды. Гликирленген гемоглобин (HbA1c) деңгейі Tosoh HLC-723-G8 (Tosoh, Жапония) анализаторын қолдана отырып, ион алмасу жоғары тиімді сұйықтықтық хроматография (IE-HPLC) әдісімен өлшенді [174].

Инсулинге төзімділік индексі (НОМА-IR) келесі формула бойынша есептелді:

$$\text{НОМА-IR} = [\text{ашқарындағы глюкоза (мг/дл)} \times \text{ашқарындағы инсулин (мкЕд/мл)}] / 405.$$
 Бұл көрсеткіш науқастардағы инсулинге төзімділіктің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және клиникалық тәжірибеде метаболизмдік бұзылыстарды диагностикалау үшін қолданылады.

2.3 МикроРНК экспрессиясын талдау

МикроРНК 100 мкл плазмадан miRNeasy Serum/Plasma Advanced (Qiagen, Барселона, Испания, кат. № 217204) жинағының көмегімен өндірушінің нұсқаулығына сәйкес бөлініп алынды. Бұл әдіс силикагель мембраналарын пайдалана отырып, РНК-ның тиімді байланысуын және оны ақуыздардан, ДНК-дан және басқа қоспалардан тазартуды қамтамасыз етеді [175].

РНК алу тиімділігін бақылау және ішкі қалыптандыру үшін сынамаларға 5 мкл cel-miR-39-30 (478293_mir) сыртқы стандарты қосылды. Cel-miR-39-30 – адам биологиялық сұйықтықтарында кездеспейтін экзогенді микроРНК, сондықтан оны микроРНК экстракциясының сапасы мен тиімділігін бағалау эталоны ретінде қолдануға болады [176].

Алдын ала зертханалық құралдар (пипеткалар, сүзгісі бар ұштықтар, 1.5 мл және 2 мл көлеміндегі стерильді Eppendorf түтіктері) дайындалды. RWT және RPE буферлері абсолютті (96–100%) этанолмен өндірушінің нұсқаулығына сәйкес қайта қалпына келтірілді. 80% этанол жұмыс барысында RNaза-жоқ суымен араластыру арқылы дайындалды (80 мл этанол және 20 мл су).

микроРНК-ларды плазмадан бөліп алу үрдісі келесі реттілікпен жүргізілді:

1. Плазма үлгілері 4 °C температурада ерітіліп, 3000 g-де 10 минут бойы центрифугаланды.

2. Бөлме температурасында әрбір 2 мл Eppendorf түтігіне 200 мкл плазма қосылды.

3. Әр түтікке 60 мкл RPL буфері қосылып, 5 секундтан астам уақыт бойы vortex құрылғысында шайқалып, 3 минут бойы бөлме температурасында сақталды.

4. Одан кейін 20 мкл RPP буфері қосылды, 20 секундтан артық шайқалып, қайтадан 3 минут инкубация жүргізілді

5. Алынған қоспа 12 000 g-де 3 минут бойы центрифугаланды. Центрифугалаудан кейін тұнба түзіліп, мөлдір супернатант алынды.

6. Супернатант (~220 мкл) жаңа Eppendorf түтігіне ауыстырылып, оған 1:1 қатынаста изопропанол қосылып, vortex арқылы араластырылды. Барлық қоспа RNeasy UCP MinElute бағанасына құйылып, 8000 g-де 15 секунд бойы центрифугаланды. Элюат бөлініп алынды.

7. Ұяшықтарға 700 мкл RWT буфері қосылып, 8000 g-де 15 секунд бойы центрифугаланды. Элюат бөлініп алынып, түтік қайта пайдаланылды.

8. Әр бағанаға 500 мкл RPE буфері қосылып, жоғарыда келтірілгендей процестен өтті.

9. Одан кейін 500 мкл 80% этанол қосылып, 8000 g (немесе 10 000 rpm) жылдамдықпен 2 минут бойы центрифугаланды. Элюат жойылды. Бағаналар этанол қалдығымен жанаспауы үшін мұқият бөлініп алынды.

10. Бағаналар жаңа 2 мл стерильді түтіктерге орналастырылып, қақпақтары ашық күйде, ротормен қарама-қарсы бағытта орналастырылып, 12 000 g-де 5 минут бойы толық құрғатылды.

11. Ламинарлық шкафта жұмыс жүргізу барысында, бағаналар жаңа 1.5 мл RNаза-жоқ түтіктерге ауыстырылғаннан кейін, 20 мкл RNаза-жоқ су қосылды. 1 минут күткеннен кейін, қалған 1 минут бойы максималды жылдамдықта центрифугаланды. Нәтижесінде 18 мкл көлемінде микроРНҚ элюаты алынды (2 мкл бағана ішінде қалып қояды). микроРНҚ концентрациясы 1.5 мкл көлеміндегі элюаттан өлшенді. Алынған РНҚ үлгілері ары қарай зерттеулер үшін -80 °С температурада сақталды.

Таңдалған микроРНҚ-лар үшін кері транскрипция (RT) және сандық ПТР (qPCR) талдаулары TaqMan MicroRNA Advanced жинағы (Thermo Fisher Scientific, Уолтем, Массачусетс, АҚШ) арқылы өндірушінің хаттамасына сәйкес жүргізілді [177]. Процедура қатарынан төрт кезеңнен тұрды: РНҚ полиаденилденуі, адаптерді байланыстыру, кері транскрипция (RT) және преамплификация (miR-Amp).

1. РНҚ полиаденилденуі (Poly (A) Tail Reaction)

Жұмысты бастамас бұрын жиынтықтың құрамдас бөліктері мұзда баяу ерітілді, араластырылады және аз уақыт центрифугаланады. Бір реакция үшін 0,5 мл пробиркада реакция қоспасы дайындалды:

- RNase-free su-1,7 мкл
- 10× Poly (A) буфері-0,5 мкл
- АТР-0,5 мкл
- Poly (A) Polymerase-0,3 мкл
- Жалпы көлемі-3 мкл.

Содан кейін 0,2 мл түтіктерге 2 мкл РНҚ үлгісі және 3 мкл дайындалған қоспасы енгізілді. Араластырып, центрифугалағаннан кейін үлгілер термоциклерде инкубацияланды.

2. Адаптерді байланыстыру

Келесі қадам адаптер тізбегін байланыстыру үшін 0,5 мл пробиркада қажет қоспа дайындалды:

- RNase-free су-0,4 мкл
- 5× DNA лигаза буфері-3 мкл
- 50% PEG 8000-4,5 мкл
- 25× лигаза адапторы-0,6 мкл
- RNA лигазасы-1,5 мкл
- Жалпы көлемі-10 мкл

Ферменттер соңғы кезекте қосылды. Алынған қоспа мұқият араластырылып, алдыңғы кезеңнің өнімін қамтитын реакциялық пробиркаға енгізілді (жалпы көлемі 15 мкл). Содан кейін пробиркалар төмендетілген температурада термоциклде инкубацияланды.

3. Кері транскрипция реакциясы (RT реакциясы)

- 1,5 мл пробиркада RT қоспасы әзірленді:
- RNase-жоқ су -3,3 мкл
- 5× RT буфері -6 мкл
- dNTP Mix (әрқайсысы 25 mM) - 1,2 мкл
- 20× Universal RT Primer -1,5 мкл
- 10× RT Enzyme Mix -3 мкл
- Жалпы көлемі -15 мкл

Араластырып, центрифугалағаннан кейін 15 мкл RT қоспасы алдыңғы кезеңде алынған 15 мкл өнімге қосылды, араластырылды және термоциклдерде инкубацияланды. Үлгілер -20 °C температурада сақталды (аликоттар 10 мкл-ден).

4. Реамплификация (miR-Amp Reaction)

кДНК сигналын күшейту үшін 1,5 мл пробиркада преамплификация жүргізілді:

- RNase-жоқ су -17,5 мкл
- 20× miR-Amp Primer Mix -2,5 мкл
- 2× miR-Amp Master Mix -25 мкл
- Жалпы көлемі -45 мкл

Содан кейін 0,2 мл-лік жаңа түтіктерге 45 мкл қоспасы және 5 мкл RT өнімі (жалпы көлемі 50 мкл) енгізілді, араластырылып, центрифугаланды және термоциклдерде инкубацияланды. Үлгілер -20 °C температурада 15 мкл екі аликвот түрінде сақталды

Сандық ПТР (qPCR) реакциясы 20 мкл соңғы алынған өнім көлемінде жүргізілді, оған TaqMan Fast Advanced Master Mix қоспасы және әр микроРНҚ үшін арнайы TaqMan Advanced Assays тест-жүйелері (miR-21-5p: тест-жүйе 477975_mir; miR-126-5p: тест-жүйе 477888_mir; miR-146a-3p: тест-жүйе 478714_mir; miR-155-5p: тест-жүйе 483064_mir; miR-484-5p: тест-жүйе 478308_mir; miR-27a-3p: тест-жүйе 478384_mir; miR-210-3p: тест-жүйе 477970_mir) (Thermo Fisher Scientific, Уолтем, Массачусетс, АҚШ) қолданылды. Реакциялар Agilent Technologies Stratagene Mx3005P (Agilent Technologies, Мадрид, Испания) жүйесінде жүргізілді.

Әр сынама QuantStudio 7 Pro Real-Time PCR System (Thermo Fisher Scientific, Уолтем, Массачусетс, АҚШ) құрылғысында өндіруші нұсқауларына сәйкес үш рет қайталау арқылы орындалды [178]. Сандық ПТР үш негізгі кезеңнен тұрады:

Денатурация (95°C, 10–15 секунд) - ДНК жіпшелері ажырайды.

Гибридизация және кеңею (60°C, 30–40 секунд) - праймерлер мен TaqMan зондтары мақсатты микроРНҚ-ға таңдамалы түрде байланысады, ал ДНК полимераза амплификацияны бастайды.

Флуоресценцияны тіркеу - әр амплификациялық циклде жинақталған өнімнің мөлшеріне пропорционалды флуоресцентті сигнал анықталады.

Деректер SDS 2.3 және RQ Manager 1.2 бағдарламалық жасақтамасы арқылы талданды. Әрбір микроРНҚ экспрессиясының салыстырмалы деңгейі $2^{-\Delta\Delta C_t}$ әдісімен есептелді [179]. ПТР нәтижелерін талдау үшін $C_t < 33$ мәні бар сынамалар таңдалды. Әр науқастың микроРНҚ экспрессиясы C_t шекті мәндеріне сәйкес сол ПТР пластинасындағы бақылау тобымен салыстырмалы түрде есептелді.

2.4 Қабыну параметрлерін анықтау

Плазма фракциясындағы цитокиндердің экспрессиясын талдау үшін HCYTA-60K-07 Human Cyto Panel (Invitrogen, Мадрид, Испания) жиынтығы қолданылды. Ол IL-1 β , IL-6, IL-10, IL-8/CXCL8, IL-18, MCP1/CCL2 және TNF- α сияқты цитокиндерді анықтауға мүмкіндік береді және өндіруші нұсқаулығына сәйкес жүргізілді [180]. Бұл әдіс мультиплексті талдау принципіне негізделген, ол бір үлгіден бірнеше цитокин концентрациясын бір уақытта өлшеуге мүмкіндік береді, осылайша зерттеу тиімділігі мен дәлдігін арттырады.

Плазма үлгілеріндегі бірнеше цитокиндердің экспрессиясын бір уақытта жоғары дәлдікпен анықтау үшін HCYTA-60K-07 Human Cyto Panel мультиплексті жиынтығы (Invitrogen, Мадрид, Испания) пайдаланылды. Бұл панель IL-1 β , IL-6, IL-10, IL-8/CXCL8, IL-18, MCP-1/CCL2 және TNF- α секілді негізгі қабыну медиаторларының концентрациясын бір үлгіде бірдей уақытта өлшеуге мүмкіндік береді.

Аталған әдіс Luminex xMAP (Multi-Analyte Profiling) технологиясына негізделген. Ол әртүрлі ішкі кодталған микросфераларды (beads) қолдануға сүйенеді - әр микросфера ерекше спектрлік қасиетке ие және бірегей флуоресценттік сигнал шығара алады. Әр bead-ке белгілі бір цитокинге жоғары сезімталдығы бар антидене ковалентті түрде бекітілген.

Процедура келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

Үлгілерді дайындау және инкубация:

Плазма үлгілері арнайы буфермен сұйылтылып, микросфералармен бірге инкубацияланады. Бұл кезеңде әрбір микросфера өзіне сәйкес цитокинмен кешен құрайды (антиген-антидене байланысы арқылы).

Детекторлық антидене қосу:

Инкубациядан кейін әр кешенге биотинмен белгіленген екінші реттік (детекторлық) антидене қосылады. Бұл антиденелер цитокиндердің басқа эпитоптарымен байланысады, осылайша sandwich-комплекс түзіледі.

Флуоресцентті стриптавидин-фитохром (streptavidin-PE) қосу:

Детектор антиденелермен кешендер түзілген соң, PE (phycoerythrin) флуоресцентті белгісімен байланысқан стриптавидин қосылады. Бұл белгі жарық сәулеленуді күшейтіп, флуоресценттік сигнал береді.

Сигналды өлшеу:

Дайын кешендер Luminex 200 (LX200) құрылғысы арқылы талданады. Бұл құрылғы екі лазердің көмегімен:

Бірінші лазер арқылы микросфераның типін (яғни қандай цитокинге тән екендігін);

Екінші лазер арқылы флуоресцентті сигналдың қарқындылығын (цитокин концентрациясының деңгейін) өлшейді.

Сандық талдау:

Алынған флуоресценттік сигналдар калибрлеу қисығы негізінде (стандартты ерітінділермен құрылады) өңделіп, цитокиндердің нақты концентрациясы пг/мл бірлігінде есептеледі. Бұл есептеулер Luminex Xponent Solution Software 3.1 бағдарламасы көмегімен жүргізіледі. Иммундық жауап пен қабыну деңгейін нақты бағалауға мүмкіндік береді, бұл 2 типті қант диабеті кезіндегі жүрек-қантамыр асқынуларының дамуындағы қабынудың рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Цитокиндердің концентрациясы Luminex Xponent Solution Software 3.1 (Luminex Corporation, Остин, Техас, АҚШ) бағдарламалық жасақтамасы арқылы есептеліп, пг/мл түрінде өрнектелді [181]. Бұл талдау қабыну деңгейін және науқастардың иммундық жауабын бағалауға мүмкіндік береді, атап айтқанда 2-типті қант диабеті кезіндегі жүрек-қантамыр асқынуларының патогенезін зерттеу үшін маңызды.

Сонымен қатар, алынған мәліметтер статистикалық талдауға жіберіліп, әрбір цитокиннің экспрессия деңгейі мен мРНК, тотығу стресінің биомаркерлері және клиникалық көрсеткіштер арасындағы ықтимал өзара байланыс анықталды. Бұл кешенді тәсіл цитокиндердің жүрек-қантамырлық асқынулардың дамуына әсерін бағалауға және биомаркерлік профильдерді нақтылауға мүмкіндік берді.

2.5 Тотығу стресі көрсеткіштерін анықтау

2.5.1 Липидтердің асқын тотығуы (ЛАТ) деңгейін анықтау

Липидтердің асқын тотығу деңгейі коммерциялық колориметриялық жинақ (KB03002, Bioquochem kit, BQC Redox Technologies, Астурия, Испания) көмегімен анықталды. Бұл әдіс көп қанықпаған май қышқылдарының тотығу деградация өнімдерінің сандық мөлшерін бағалауға негізделген [182]. Олардың ішінде малондильдегид (MDA) және 4-гидроксиалкеналдар бар, олар тотығу стресінің биомаркерлері болып табылады. Барлық рәсімдер өндірушінің нұсқауларына сәйкес жүргізілді. Талдау тиобарбитур қышқылымен (ТБА) реакция жүргізу арқылы орындалды, нәтижесінде түсті кешен түзіліп, оның қарқындылығы MDA және 4-гидроксиалкеналдардың концентрациясына тура пропорционалды болды. Оптикалық тығыздық 586 нм толқын ұзындығында спектрофотометр көмегімен өлшенді, ал LPO концентрациясы нмоль/мл түрінде көрсетілді.

2.5.2 Ақуыздардың алдыңғы тотыққан өнімдері (AOPP) деңгейі

Ақуыздардың алдыңғы тотыққан өнімдері деңгейі спектрофотометриялық әдіспен микропланшеттік ридерде анықталды, *Witko-Sarsat* және авторлар

әдістемесіне сәйкес [183]. Бұл көрсеткіш ақуыздардың тотығу зақымдану дәрежесін сипаттайды, ол түрлі созылмалы аурулардың, соның ішінде 2-типті қант диабеті кезіндегі жүрек-қан тамырлық асқынуларының патогенезінде маңызды рөл атқарады.

Калибрлеу үшін хлорамин-Т стандартты ерітіндісі пайдаланылды, ол тотыққан ақуыздарға ұқсас қасиеттерге ие. Калибрлеу қисығы 0–100 нмоль/мл концентрация диапазонында калий йодиді (10 мкл) және сірке қышқылы (20 мкл) қатысуымен әзірленді, бұл реакцияны күшейту үшін қажет.

Оптикалық тығыздық 340 нм толқын ұзындығында өлшенді және бақылау үлгісімен салыстырылды, оның құрамында 200 мкл PBS, 10 мкл калий йодиді және 20 мкл сірке қышқылы болды. AOPP концентрациясы хлорамин-Т эквиваленттері бойынша нмоль/мл түрінде есептелді.

2.5.3 Нитриттер мен нитраттардың концентрациясын анықтау

Азот оксиді (NO) - қан тамырларының тонусын реттеуге, қабыну реакцияларына және иммундық жауапқа қатысатын биологиялық белсенді молекула. Алайда, NO өте тұрақсыз қосылыс болғандықтан, оның биологиялық үлгілердегі мөлшерін тікелей өлшеу мүмкін емес. Сол себепті, оның концентрациясын нитриттер (NO_2^-) мен нитраттар (NO_3^-) деңгейі арқылы жанама түрде анықтайды, себебі олар судағы азот оксидінің тотығу өнімдері болып табылады. NO синтезін дәлірек бағалау үшін, нитраттардың нитриттерге дейін тотықсыздануын қамтамасыз ету қажет. Сондықтан, зерттеуде нитраттарды нитратредуктаза ферментінің көмегімен тотықсыздандырып, жалпы NOx концентрациясын анықтау әдісі қолданылды.

Зерттеу әдісі:

Нитриттер мен нитраттардың концентрациясын анықтау үшін Грисс реакциясы (Griess reaction) қолданылды. Бұл әдіс негізінен нитриттердің азот қосылыстарымен реакцияға түсіп, түсті кешен түзуіне және оның спектрофотометриялық әдіспен өлшеуіне негізделген.

1. Үлгілерді дайындау

Талдау үшін қан плазмасы қолданылды. Алдын ала қанның формалық элементтері центрифугалау арқылы бөлініп алынды.

Үлгілерден артық ақуыздарды жою үшін ақуыздарды тұнбаға түсіру және супернатантты сүзу әдістері қолданылды.

2. Нитраттарды нитриттерге дейін тотықсыздандыру

Нитраттар (NO_3^-) азот оксидінің тотығу нәтижесінде түзілетін соңғы өнім болып табылады. Сондықтан, олардың мөлшерін анықтау үшін оларды нитриттерге дейін тотықсыздандыру қажет. Бұл процесс нитратредуктаза ферментінің көмегімен жүзеге асырылды. Ферменттің белсенділігі үшін NADPH коферменті реакциялық қоспаға қосылды. Реакция 37°C температурада 30–60 минут бойы инкубацияланды, бұл толық тотықсыздану үшін жеткілікті уақыт.

3. Грисс реакциясы

Грисс реакциясы - нитриттердің арнайы Грисс реагенттерімен әрекеттесуі нәтижесінде түсті азоқосылыстардың түзілуіне негізделген әдіс.

Процедура:

- Үлгілерге Грисс реагенті қосылды. Ол екі негізгі компоненттен тұрады:

Сульфаниламид ерітіндісі (нитриттермен әрекеттесіп, diaзоний қосылысын түзеді).

N-(1-нафтил)-этилендиамин (diaзоний қосылыстарымен әрекеттесіп, қызғылт түсті азоқосылыс түзеді).

- Реакциялық қоспа бөлме температурасында 10–15 минут инкубацияланды.

- Алынған түсті кешеннің оптикалық тығыздығы 550 нм-де спектрофотометр арқылы өлшенді.


4. Калибрлеу және нәтижелерді есептеу

Нәтижелерді салыстыру және есептеу үшін NaNO_2 негізіндегі стандарттық ерітінділер (1–100 мкМ диапазонында) қолданылды. Осы калибрлеу қисығы негізінде зерттелген үлгілердегі NO_x концентрациясы есептелді. Қорытынды көрсеткіштер моль/л (mol/L) түрінде берілді.

2.6 Антиоксиданттық ферменттер белсенділігін анықтау

2.6.1 Тотықсызданған және тотыққан глутатион деңгейлерін анықтау

Қалпына келген глутатион (GSH) және тотыққан глутатион (GSSG) деңгейлері тазартылған эритроциттерде О-фталев альдегиді (O-Phthalaldehyde, OPA) флуоресцентті реагенті көмегімен анықталды. Глутатион жасушаларды тотығу стресінен қорғауда маңызды рөл атқарады, ал GSH мен GSSG арасындағы тепе-теңдік антиоксиданттық жүйенің жағдайын бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Бұл реагент GSH-тің тиолды тобымен байланысып, флуоресцентті кешен түзеді.



Сурет 4 - Глутатионды антиоксиданттық жүйенің әрекет ету механизмі

Үлгілерді дайындау:

Эритроциттерді толық қанды центрифугалау арқылы бөліп, содан кейін плазма мен лейкоциттерді жою үшін физиологиялық ерітіндімен жудық.

Гемолиз процесі 5% метафосфор қышқылы бар буферді қосу арқылы жүзеге асырылды, бұл глутатионның тұрақтылығын сақтауға және оның тотығуын болдырмауға мүмкіндік береді. Алынған супернатант қайта центрифугаланып, талдауға қолданылды.

Флуоресценттік талдау:

GSH анықтау: Тотықсызданған глутатион (γ-глутамилцистеинилглицин немесе GSH) - табиғи шыққан үшпептид, оның тотықсыздандырғыш және нуклеофильдік қасиеттері көптеген аэробты жасушалардың метаболизм жолдарында және антиоксиданттық жүйелерінде маңызды рөл атқарады. GSH о-фталальдегидпен (OPT) pH = 8.0 кезінде спецификалық реакцияға түседі, нәтижесінде жоғары флуоресценциялы өнім түзіледі, оны 350 нм-де белсендіруге болады, эмиссияның шыңы 420 нм-де болады (*Hissin және Hilf*, 1976) [184]. Реакцияның нәтижесі соңғы pH деңгейіне тәуелді, ол 8.0 болуға тиіс. Флуоресценцияның интенсивтілігі pH 8.0-ден төмен болғанда азаяды, ал pH 8.0-ден жоғарылағанда GSSG GSH-ға айналады.

Мұзды ваннада жуу арқылы алынған эритроциттердің үлгісін және GSH 1,3 нМ аликвотын еріту үшін түтікшелерді сұйылтылды. Эритроциттерді гемолиз буферінде 1:20 қатынасында сұйылтылды. Мысалы, Eppendorf түтікшесінде: 50 мкл эритроциттер + 950 мкл гемолиз буфері. Жақсылап араластырып, 5 минут инкубацияға қойылды. Сұйылтылған эритроциттер үлгісін депротейнизациялау үшін оны 10% ТСА-мен 1:1 қатынасында араластырылды. Мысалы, Eppendorf түтікшесінде: 300 мкл сұйылтылған эритроциттер + 300 мкл 10% ТСА. Қоспаны вортексте араластырып, 15 минут 20 000 g жылдамдықпен және 4°C температурада центрифугаланды. GSH анықтау үшін супернатант пайдаланылды.

Кесте 1 - GSH үшін стандартты қисықты дайындау

Түтікше	GSH	В буфері	GSH концентрациясы		
			мкг/мл	нмоль/мл	Бағдарламадағы стандартты қисықтың мәндері
№. 5	100 мкг de GSH 40 мкг/мл	100 мкг	20	65.000	
№. 4	100 мкг de GSH 20 мкг/мл	100 мкг	10	32.500	
№. 3	100 мкг de GSH 10 мкг/мл	100 мкг	5	16.250	
№. 2	100 мкг de GSH 5 мкг/мл	100 мкг	2.5	8.125	
№. 1	100 мкг de GSH 2,5 мкг/мл	100 мкг	1.25	4.062	
Бос үлгі	-	200 мкг	0		

Микропланшеттегі ұяшықтарды дайындау пропорциялары келесідей: бірінші ұяшыққа 190 мкл фосфатты буфер (бақылау) қосылады, содан кейін әрбір келесі ұяшыққа стандартты ерітінділердің 10 мкл қосылады, концентрациясы ең төменнен ең жоғары мәнге дейін. Келесі ұяшықтарға зерттелетін үлгілердің 10 мкл қосылады. Әрбір ұяшыққа 180 мкл фосфатты буфер рН 8.0 қосылады.

Бұл стандартты нүктелер мен үлгілер үшін пропорциялар төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - Пластинаның ұяшықтарын дайындау

	Ст 1=10 мкг GSH 1.25 мкг/мл +180 мкг ВБ	Ст 2= 10 мкг GSH 2.5 мкг/мл +180 мкг ВБ	Ст 3=10 мкг GSH 5.0 мкг/мл +180 мкг ВБ	Ст 4=10 мкг GSH 10.00 мкг/мл +180 мкг ВБ	Ст 5=10 мкг GSH 20.00 мкг/мл +180 мкг ВБ	Y1=10 мкг үлгі +180 мкг ВБ
БҮ	Ст 1	Ст 2	Ст 3	Ст 4	Ст 5	Y1

96-ұяшықты микропланшет пластинасын дайындау үшін бірінші ұяшыққа 190 мкл фосфатты буфер (бақылау) қосылды, содан кейін стандартты ерітінділердің 10 мкл-ден кезекпен енгізілді, минималдыдан максималды концентрацияға дейін. Келесі ұяшықтарға 10 мкл зерттелетін үлгілер қосылды. Әрбір ұяшыққа 180 мкл фосфатты буфер рН 8.0 қосылды. Содан кейін әрбір ұяшыққа 10 мкл о-фталальдегид ерітіндісін Nichirio пипеткасымен қосылды. Пластина 5 секунд бойы микропланшет араластырғышында араластырылды және 25°C температурада флуориметриялық құрылғыда 20 минут бойы инкубацияланды. Флуоресценцияны өлшеу FLx 800 Microplate Fluorescence Reader (Bio-Tek Instruments, Inc) флуориметриялық құрылғысы көмегімен жүргізілді. Өлшеу нәтижелері басып шығарылып, әрі қарай талдау үшін қолданылды. Глутатион (GSH) концентрациясы зерттелетін үлгілердің флуоресценциясын стандартты калибрлеу қисығының флуоресценциясымен салыстыру арқылы анықталды, ол 0,2-3,25 нмоль/мл аралығындағы стандартты GSH ерітінділерін пайдаланып құрастырылды [185]. GSH концентрациясы мкмоль/г гемоглобин (мкмоль/г Hb) түрінде есептелді.

GSSG анықтау: Алдымен, еркін тиол топтары N-этилмалеимид (NEM) арқылы блокталды. Одан әрі GSSG-ті GSH-қа дейін қалпына келтіру үшін дигитиотреитол секілді тотықсыздандырғыш қолданылып, содан кейін флуоресценттік талдау жүргізілді.

Флуоресценция 350 нм қоздыру және 420 нм эмиссия толқын ұзындықтарында микропланшеттік флуоресцентті ридер (FLx800; BioTek Instruments Inc., Шарлотт, Вермонт, АҚШ) көмегімен өлшенді. Зерттеу Hissin және Hilf әдістемесіне сәйкес жүргізілді [186].

GSSG деңгейін анықтау үшін келесі әдістеме қолданылды. Алдын ала Eppendorf түтікшелеріне арналған центрифуга 4 °C температураға дейін

салқындатылды, ал флуоресцентті детектор 25 °C-қа қойылды. Гемолиз буфері, фосфатты-EDTA буфері (TF-EDTA) және метанол пайдаланылды.

Эритроцит үлгілері мен стандартты GSSG (0,4 мг/мл) ерітіндісінің аликвоттары мұзды ваннада ерітілді. Эритроциттер гемолиз буферімен 1:1 қатынасында (мысалы, 300 мкл эритроцит + 300 мкл буфер) араластырылып, 5 минут инкубацияланды. Содан кейін, 10% TCA ерітіндісімен 1:1 қатынасында қосылып, депротеиндендірілді. Қоспа вортесте жақсылап шайқалып, 20 000 g жылдамдықпен 15 минут бойы 4 °C температурада центрифугаланды. Алынған супернатант GSSG анықтауға пайдаланылды. Қалпына келген глутатионды жою үшін супернатант 5 мг/мл концентрациядағы N-этилmaleимид (NEM) ерітіндісімен 1:1,4 қатынасында өңделді (мысалы, 200 мкл супернатант + 80 мкл NEM). Қоспа бөлме температурасында 40 минут инкубацияланды.

Бұл уақытта стандартты калибрлеу қисығы дайындалды: стандартты GSSG ерітіндісі (0,653 мкмоль/мл) NaOH 0,1 N ерітіндісімен 1:10 қатынасында (20 мкл GSSG + 180 мкл NaOH) араластырылды. Осылайша, 40 мкг/мл (немесе 65,3 нмоль/мл) концентрациясындағы жұмыс ерітіндісі алынды, одан кейін жұмыс ерітінділерінің сериясы 3-кестеге сәйкес дайындалды.

Кесте 3 - GSSG үшін стандартты калибрлеу қисығын дайындау

	GSSG (40 мкг/мл)	NaOH 0.1 N	GSSG концентрациясы		
			мкг/мл	нмоль/мл	
№. 5	100 мкл GSSG 40 мкг/мл	100 мкг	20	32.65	Бағдарлама үшін стандартты қисықтың мәндері
№. 4	100 мкл GSSG 20 мкг/мл	100 мкг	10	16.32	
№. 3	100 мкл GSSG 10 мкг/мл	100 мкг	5	8.16	
№. 2	100 мкл GSSG 5 мкг/мл	100 мкг	2,5	4.08	
№. 1	100 мкл GSSG 2,5 мкг/мл	100 мкг	1,25	2.04	
бос үлгі	-	200 мкг	0		

Инкубациядан кейін үлгі түтікшесіне 720 мкл NaOH 0,1 N қосып, араластырылды (үлгіні 1:5 есе сұйылту).

Пластинаны дайындау реттілігі төмендегі кестеде көрсетілген:

Кесте 4 - Пластинкалардағы орындарды дайындау

БҮ=190 мкг NaOH 0.1 N	Ст1=10мкг GSSG 1,25 мкг/мл +180 мкг NaOH 0.1 N	Ст 2= 10мкг GSSG 2,5 мкг/мл +180 мкг NaOH 0.1 N	Ст 3=10мкг GSSG 5,0 мкг/мл +180 мкг NaOH 0.1 N	Ст 4=10мкг GSSG 10,00 мкг/мл +180 мкг NaOH 0.1 N	Ст 5=10мкг GSSG 20,00 мкг/мл +180 мкг NaOH 0.1 N	Ү1=30мкг үлгі дайын. +160 мкг NaOH 0.1 N
БҮ	Ст 1	Ст 2	Ст 3	Ст 4	Ст 5	Ү1

Инкубация аяқталғаннан кейін зерттелетін үлгі құйылған пробиркаға 720 мкл 0,1 N NaOH ерітіндісі қосылып, араластырылды. Бұл үлгіні 5 есеге дейін сұйылтуға сәйкес келеді. О-фталальдегид реагентін дайындау үшін ол дәл өлшеніп, ерітіледі. Бұл кезде пробирка жарықтан қорғалып, мұзды ваннаға орналастырылды. Содан кейін 96-ұяшықты планшет дайындалды. Бірінші ұяшыққа (бақылау) 190 мкл 0,1 N NaOH ерітіндісі қосылды. Одан кейін стандартты GSSG ерітінділері ең төменгі концентрациядан ең жоғарысына дейін ретімен 10 мкл көлемінде енгізіліп, әрқайсысына 180 мкл NaOH қосылды. Қалған ұяшықтарға зерттелетін үлгілерден 30 мкл көлемінде құйылып, 160 мкл NaOH ерітіндісі қосылды. Nichirio микропипеткасының көмегімен барлық ұяшықтарға (стандарттар мен үлгілер) 10 мкл OPT ерітіндісі енгізілді. Планшет пластиналық шайқағышта 5 секунд шайқалып, кейін 25°C температурада флуориметриялық құрылғыда дәл 25 минут бойы инкубацияланды. Флуоресценцияны өлшеу FLx 800 Microplate Fluorescence Reader (Bio-Tek Instruments, Inc) құрылғысында жүргізілді. Қоздыру толқын ұзындығы – 350 нм, ал сәуле шығару толқын ұзындығы – 420 нм. Нәтижелер автоматты түрде тіркелді. GSSG мөлшерін анықтау үшін үлгілерден алынған флуоресценция көрсеткіштері 2,04–32,65 нмоль/мл концентрация диапазонында дайындалған стандартты ерітінділердің калибровкалық қисығымен салыстырылды. GSSG деңгейі жалпы ақуызға қатысты мкмоль/г түрінде, сұйылту коэффициентін ескере отырып, есептелді. Жалпы сұйылту коэффициенті $1/4 \times 1/5 \times 1/6,66 = 1/133$ болғандықтан, алынған мән 0,133 коэффициентіне көбейтіліп, мкмольмен көрсету үшін 1000-ға бөлінді.

2.6.2 Супероксиддисмутаза ферментінің (SOD) белсенділігін анықтау

Антиоксиданттық жүйе ферменттері жасушалық редокс-гомеостазды сақтау және тотығу стресінен қорғау үшін маңызды рөл атқарады. Осы зерттеуде глутатионпероксидаза, глутатионредуктаза, супероксиддисмутаза, каталаза және глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа ферменттерінің белсенділігі анықталды.


SOD супероксидті аниондарды (O_2^-) молекулалық оттегі (O_2) және сутек асқын тотығына (H_2O_2) айналдырып, олардың жасушаларға зиянды әсерін төмендетеді.

Зерттеу әдісі:

- SOD белсенділігі жанама әдіспен анықталды, ол адреналиннің өздігінен тотығуын тежей отырып, адrenoхромның пайда болуына негізделген.
- Реакция рН 10,2 ортада жүргізілді.
- Адrenoхромның жинақталу қарқындылығы 490 нм толқын ұзындығында спектрофотометр көмегімен өлшенді.
- 1 белсенділік бірлігі (U) адреналиннің автототығуын 50%-ға тежейтін фермент мөлшері ретінде қабылданды.
- Белсенділік Ед/мг Hb түрінде көрсетілді.

2.6.3 Глутатионпероксидаза (GPx) белсенділігін анықтау

Глутатионпероксидаза ферменті (GPx немесе EC 1.11.1.9) сутек пероксидін (H_2O_2) суға және органикалық пероксидтерді (ROOH) сәйкес тұрақты спирттерге (ROH) дейін тотықсыздандыруды катализдейді, глутатионды тотықсыздандырғыш эквиваленттер көзі ретінде пайдаланады:



Бұл әдіс НАДФН (NADPH) тотығуын өлшеуге негізделген, ол глутатионның қайта қалпына келуіне қатысады. Глутатионпероксидаза органикалық пероксидтерді қалпына келтіруді катализдейді, бұл процесте қалпына келтірілген глутатион тотығып, GSSG-ге айналады.

Глутатионредуктаза керісінше, GSSG-ні қайтадан GSH-қа дейін тотықсыздандыруды катализдейді, бұл кезде NADPH тотығып, $NADP^+$ түзіледі. Пероксидтер өте реактивті радикалдарға дейін ыдырай алатындықтан, GPx ферменті жасушаны бос радикалдардың зақымдануынан, әсіресе липидтердің асқын тотығуынан қорғауда маңызды рөл атқарады.

GPx-тің екі түрі бар: біреуі селенге тәуелді (Se-GPx), екіншісі селенге тәуелсіз (iSe-GPx). Екі түрі де органикалық гидропероксидтерді субстрат ретінде пайдалана алады, бірақ тек Se-GPx бейорганикалық форманы (H_2O_2) пайдалана алады.

Фосфолипидгидропероксидаза GPx моноферментінен басқа, барлық GPx ферменттері төрт бірдей субъбірліктен тұрады. Әр субъбірлікте ферменттің белсенді орталығында селеноцистеин молекуласы болады. Селеноцистеин тікелей пероксидті субстратқа электрондар беру процесіне қатысып, тотығады. Кейін глутатион электрон доноры ретінде қолданылады және селеноцистеиннің қалпына келген формасын қайта түзу үшін пайдаланылады.

Зерттеу әдісі:

Бұл әдіс GPx белсенділігін жанама түрде өлшейді. Реакция глутатионредуктаза арқылы байланысады, ол GPx ферментінің органикалық пероксидтерді тотықсыздандыруы нәтижесінде түзілген GSSG-ны қалпына келтіреді, ал субстрат ретінде кумол гидропероксиді қолданылады.


- Эритроциттер лизиске ұшыратылып, центрифугаланды.
- Реакция 96-ұялы планшетте жүргізілді.
- Әр ұяшыққа келесі реакциялық қоспалар қосылды.
- Фосфатты буфер (pH 7,0)
- NADPH
- Глутатион (GPx үшін) немесе глутатионредуктаза (GRd үшін)
- Субстрат (GPx үшін органикалық пероксид, GRd үшін тотығылған глутатион)
- NADPH тотығуы 340 нм толқын ұзындығында 3 минут бойы спектрофотометр арқылы тіркелді (PowerWaveX; BioTek, АҚШ).
- Фермент белсенділігі мкмоль/мин/г Hb ретінде есептелді [187].

Реакциялар келесі түрде жүреді:

GPx:



GRd:



Ферментативті реакция субстрат - кумол гидропероксидін қосу арқылы басталады және 340 нм толқын ұзындығында оптикалық тығыздық тіркеледі. Оптикалық тығыздықтың төмендеу жылдамдығы үлгідегі GPx белсенділігіне тура пропорционал болып келеді.

2.6.4 Глутатионредуктаза (GRd) белсенділігін анықтау

Глутатионредуктаза (GR, EC 1.6.4.2) - бұл NADPH-ке тәуелді, тотыққан глутатионды қалпына келтірілген күйге айналдыратын флавопротеин. Бұл фермент жасушалардағы GSH деңгейін тұрақты ұстап тұруда және тотығу стресінен қорғануда маңызды рөл атқарады.

Фермент белсенділігін анықтау үшін NADPH-тің тотығу жылдамдығына негізделген спектрофотометриялық әдіс қолданылды (Gauman реактивтер жинағы). Реакция келесі теңдеумен сипатталады:



NADPH тотығуы 340 нм толқын ұзындығында оптикалық тығыздықтың төмендеуімен қатар жүреді, бұл фермент белсенділігіне тура пропорционалды.

Реактивтерді дайындау:

Талдау алдында фосфатты буфер (50 mM, pH 7.5, 1 mM EDTA қосылған), GSSG (15.4 mM) және NADPH (2 mM) ерітінділері дайындалды. Үлгілерге арналған буфер құрамына ферментті тұрақтандыру үшін 1 мг/мл BSA енгізілді. Барлық реактивтер қолданар алдында бөлме температурасына жеткізілді.

Үлгілерді дайындау:

Қан гепарин, цитрат немесе EDTA бар пробиркаларға жиналды. 700–1000g-де 10 минут бойы 4°C температурада центрифугаланған соң, плазмасы бөлініп алынып, -80°C-та сақталды. Эритроциттік лизатты алу үшін эритроциттерге 4 есе көлемде салқын су қосылып, инкубациядан соң 10 000g-де 15 минут бойы 4°C температурада қайта центрифугаланды. Жоғарғы қабат (лизат) бөлініп алынып, -80°C-та сақталды. Талдауға дейін үлгілерді 1:10–1:20 қатынасында сұйылтты.

Талдау жүргізу:

Талдау алдында эритроцит лизаттары мұзда ерітіліп, 1:4 қатынасында сумен сұйылтылып, 10 000g-де 15 минут бойы 4°C температурада центрифугаланды. Алынған супернатант буфермен 1:20 қатынасында қосымша сұйылтылды.

96 ұяшықты планшеттегі реакциялық қоспа мыналардан тұрды: 100 мкл буфер, 20 мкл GSSG ерітіндісі, 20 мкл сұйылтылған үлгі және 10 мкл NADPH ерітіндісі. Бақылау ұяшықтарына үлгі қосылмады. Жалпы көлемі - 150 мкл. Өлшеу 25°C температурада 340 нм толқын ұзындығында спектрофотометрде жүргізілді. Абсорбция 1 минуттық интервалмен динамикада тіркелді.

Фермент белсенділігін есептеу:

Фермент белсенділігі 340 нм-де оптикалық тығыздықтың өзгеруіне ($\Delta A_{340}/\text{мин}$) қарай, қисықтың сызықты бөлігінде есептелді. NADPH үшін пайдаланылған молярлық сіңіру коэффициенті - 0.00373 мкм^{-1} (қабат қалыңдығы 0.6 см). Белсенділік нәтижелері ферменттің 25°C -та 1 минут ішінде тотығатын NADPH мөлшеріне тең бірлікпен (U) сипатталды.

2.6.5 Каталаза (CAT) белсенділігін анықтау

Каталаза сутек асқын тотығын (H_2O_2) су мен оттегіге ыдырату арқылы жасушаларды оның зиянды әсерінен қорғайды.

Зерттеу әдісі:

- Реакция H_2O_2 ыдырауын тіркеуге негізделген, бұл 240 нм толқын ұзындығында оптикалық тығыздықтың төмендеуімен сипатталды.
- Субстрат ретінде 30 mM H_2O_2 ерітіндісі қолданылды.
- Реакция эритроцитарлық лизатты қосқаннан кейін басталып, 1-3 минутқа созылды.
- H_2O_2 концентрациясының төмендеуі спектрофотометриялық әдіспен өлшенді.
- Каталаза белсенділігі мкмоль/мин/г Hb түрінде көрсетілді.

2.6.6 Глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа (G6PD) белсенділігін анықтау

G6PD глюкоза-6-фосфатты 6-фосфоглюконолактонға дейін тотықтырады, бұл процесте НАДФ⁺ (NADP⁺) қалпына келтіріліп, НАДФН (NADPH) түзіледі.



G-6PDH жетіспеушілігі - адамдағы ең жиі кездесетін ферментативтік бұзылыстардың бірі, дүние жүзінде 400 миллионнан астам адамда кездеседі деп есептеледі. Фермент жетіспеушілігі бар адамдардың көпшілігінде симптомдар байқалмайды, бірақ кейбір науқастарда инфекциялар немесе белгілі бір дәрілер әсерінен гемолитикалық анемия, сондай-ақ созылмалы бейсфероциттік гемолитикалық анемия байқалуы мүмкін.

Зерттеу әдісі:

Реакциялық ортада келесі компоненттер болды:

- Фосфатты буфер (pH 7,4)
- Глюкоза-6-фосфат (субстрат)
- НАДФ⁺ (кофактор)
- Реакция эритроцитарлық лизатты қосу арқылы басталады.
- NADPH-тың түзілу жылдамдығы 340 нм толқын ұзындығында тіркелді.
- Фермент белсенділігі мкмоль/мин/г Hb ретінде есептелді.

Эритроциттердегі глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа белсенділігін анықтаудың ұсынылған әдістемесі пентозофосфат жолының жұмысымен және жасушалардың антиоксиданттық қорғанысымен байланысты ферментативті белсенділікті сенімді бағалауға мүмкіндік береді.

2.7 Нәтижелерді статистикалық талдау

Деректердің статистикалық өңдеуі SPSS 27.0 нұсқасы (WPSS Ltd., Surrey, UK) бағдарламасы арқылы жүргізілді. Графиктерді құру үшін GraphPad Prism 6.0 (GraphPad Software Inc., La Jolla, CA, USA) қолданылды [188].

1. Деректердің таралуын тексеру

Статистикалық әдістерді қолданбас бұрын, деректердің таралу сипаты бағаланды:

- Шапиро–Уилк тесті деректердің қалыпты таралуын тексеру үшін қолданылды. Бұл тест әсіресе шағын көлемді таңдамада тиімді, себебі ол деректердің қалыпты таралу заңына сәйкестігін бағалайды.

- Левен критерийі топтар арасындағы дисперсиялардың біртектілігін тексеру үшін қолданылды, бұл дисперсиялық талдаудың (ANOVA) дұрыс орындалуы үшін маңызды шарт.

2. Деректерді ұсыну

- Қалыпты таралымды айнымалылар орташа мән $\pm$ стандартты ауытқу (SD) түрінде берілді.

- Қалыпты емес таралымды айнымалылар орташа мән $\pm$ стандартты қателік (SEM) түрінде көрсетілді.

3. Топтарды салыстыру

Дисперсиялық талдау (ANOVA) және post-hoc тесттер қалыпты таралымды топтарды салыстыру үшін қолданылды. ANOVA үш немесе одан да көп топтар арасындағы статистикалық маңызды айырмашылықтардың бар-жоғын анықтады. Егер ANOVA нәтижесі маңызды айырмашылықтарды көрсетсе, post-hoc тесттер жүргізілді. Мұнда Тьюки (Tukey's HSD) немесе Бонферрони (Bonferroni) тесттері қолданылды.

Краскел–Уоллис критерийі қалыпты емес таралымды үш және одан да көп топтарды салыстыру үшін пайдаланылды. Бұл ANOVA-ның параметрлік емес баламасы, ол деректерді деңгейлер бойынша бағалайды.

4. Корреляциялық талдау

Пирсон корреляция коэффициенті қалыпты таралымды сандық айнымалылар арасындағы байланыстарды анықтау үшін қолданылды. Егер деректер қалыпты емес таралымды болса, Спирман корреляциясы пайдаланылды, ол деректерді деңгейлер бойынша салыстырады және таралуға тәуелді емес.

5. ROC-талдау (Receiver Operating Characteristic, ROC қисығы)

Диагностикалық тесттер мен биомаркерлердің тиімділігін бағалау үшін ROC-талдау жүргізілді. ROC қисығы белгілі бір биомаркердің патологиялық және сау күйлерді ажырату қабілетін көрсетеді. Қисық астындағы ауданы (AUC, Area Under Curve) есептелді:

- AUC мәні 1-ге жақындаған сайын, диагностикалық дәлдік жоғары болады.

- $AUC \approx 0.5$ болған жағдайда, диагностикалық маңыздылық жоқ.

- 95% сенімділік аралығы (CI) арқылы нәтижелердің дәлдігі бағаланды.

6. Логистикалық регрессия

МикроРНК деңгейі, тотығу стресі/қабыну маркерлері және қант диабеті мен оның асқынуларының болуы арасындағы байланысты зерттеу үшін биномиалды логистикалық регрессия қолданылды.

Логистикалық регрессия тәуелсіз айнымалылардың (мысалы, микроРНК және қабыну маркерлерінің) қант диабетінің немесе оның асқынуларының даму ықтималдығына әсерін бағалады.

Нәтижелер $\text{Exp}(B)$ коэффициенттерімен (Odds Ratio, OR) көрсетілді:

- $OR > 1$ – көрсеткіштің жоғарылауы ауру қаупін арттырады.
- $OR < 1$ – көрсеткіштің жоғарылауы ауру қаупін төмендетеді.
- 95% сенімділік аралығы (CI) есептеліп, деректердің дәлдігі бағаланды.

7. Статистикалық маңыздылық критеріі

Барлық $p < 0,05$ мәндері статистикалық маңызды деп саналды. Бұл дегеніміз, анықталған айырмашылықтардың кездейсоқ кездесу ықтималдығы 5%-дан аз, сондықтан нәтижелер сенімді болып табылады [189].

Статистикалық өңдеу нәтижелері зерттеудің деректерін объективті бағалауға және алынған нәтижелердің сенімділігін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Барлық p мәндері айқындалған айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан маңызды екенін көрсетті, бұл зерттеу қорытындыларының ғылыми негізділігін және алынған мәліметтердің практикалық қолдануға жарамдылығын айқындайды.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Зерттелген популяциядағы микроРНК экспрессиясының және биохимиялық-клиникалық көрсеткіштердің айырмашылықтары

Зерттеуге қатысушылардың профилі мен биохимиялық параметрлері 5-кестеде көрсетілген.

Зерттеуге үш топ енгізілді: бақылау тобы (БТ), қантамырлық асқынуларсыз ҚД2Т-і бар науқастар тобы (ҚД2Т АЖ) және қантамырлық асқынулары бар диабетпен ауыратын науқастар тобы (ҚД2Т+А). Бақылау тобы 18 әйел мен 12 ер адамнан, ал ҚД2Т АЖ тобы 18 әйел мен 16 ер адамнан тұрды, бұл олардың жыныстық құрамы бойынша ұқсастығын қамтамасыз етті ($\chi^2 = 0,323$, $p = 0,570$). ҚД2Т+А тобында ер адамдардың үлесі жоғары болды (5 әйел және 23 ер адам), бұл жыныстық фактордың қантамырлық асқынулардың дамуындағы ықтимал рөлін көрсетеді.

Барлық қатысушылар 10 ай ішінде эндокринология клиникасында зерттеуге қатысуға ұсынылды. Бақылау тобына әртүрлі мекемелерден келген еріктілер жас ерекшеліктері, жынысы және дене салмағының индексі (ДСИ) бойынша теңгерімділік сақтала отырып таңдалды. Ал ҚД2Т ауыратын науқастар зерттеуге дәрігердің кеңесіне жүгінуіне қарай енгізіліп отырылды.

Қатысушыларды іріктеу енгізу және шеттету критерийлеріне сәйкес жүргізілді. Бақылау тобына қант диабеті жоқ тұлғалар, ал диабетпен ауыратын науқастар қантамырлық асқынулардың бар-жоғына қарай ҚД2Т АЖ және ҚД2Т+А топтарына бөлінді. Бұл таңдалған зерттеу топтарында биохимиялық параметрлерді салыстыруға және аурудың үдеуінің ықтимал байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Бақылау тобындағы қатысушылардың көпшілігі (22 адам) 40–55 жас аралығында болды, ал 6 адам 56–70 жас аралығында, 2 қатысушы 71 жастан үлкен.

Қант диабетімен ауыратын науқастардың жасы үлкен болуы заңды құбылыс: олардың 37-сі 56–70 жас аралығында, 9-ы 40–55 жас аралығында, ал 16-сы 71 жастан асқан. Алайда, диабетпен ауыратын науқастар арасында (асқынулары бар және жоқ топтар) жас ерекшеліктері бойынша айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ (56–70 жас: ҚД2Т АЖ тобында 21 адам, ҚД2Т+А тобында 16 адам; 40–55 жас: ҚД2Т АЖ тобында 5 адам, ҚД2Т+А тобында 4 адам; 71 жастан асқандар: екі топта да 8 адамнан). Орташа жас көрсеткіштері де айтарлықтай ерекшеленбеді (ҚД2Т АЖ тобында $63,47 \pm 1,30$ жас, ҚД2Т+А тобында $64,96 \pm 1,68$ жас).

Осылайша, жас факторы қант диабетінің тамырлық асқынуларын болжау моделіне айтарлықтай әсер етпейтін айнымалы ретінде қарастырылды.

Кесте 5 - Зерттелген топтардың бастапқы және биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	БТ (n = 30)	ҚД2Т АЖ (n = 34)	ҚД2Т+А (n = 28)	p-value
Жасы	51.43 ± 1.77	63.47 ± 1.30 ^a	64.96 ± 1.68 ^b	^{a, b} p < 0.001
Жынысы (ер, әйел)	18/12	18/16	5/23	
Темекі шегу (иә/жоқ)	4/26	1/33	4/24	
Дене белсенділігі:				
Төмен	4	15	17	
Орташа	17	19	10	
Жоғары	9	0	1	
Салмағы (кг)	70.83 ± 12.67	78.81 ± 15.00	86.66 ± 12.18 ^b	^b p < 0.001
ДСИ (кг/м²)	25.18 ± 3.38	29.84 ± 5.26 ^a	30.62 ± 4.57 ^b	^{a, b} p < 0.001
Қант диабетінің ұзақтығы (жыл)	Жоқ	13.33 ± 1.85	17.43 ± 2.02	
HbA1c (%)	5.37 ± 0.07	6.85 ± 0.16 ^a	7.11 ± 0.19 ^b	^{a, b} p < 0.001
Глюкоза (мг/дл)	90.33 ± 14.72	123.5 ± 28.24 ^a	141.9 ± 48.54 ^b	^{a, b} p < 0.001
Инсулин (мЕ/л)	6.76 ± 0.74	11.51 ± 1.68 ^a	11.67 ± 2.02 ^b	^{a, b} p < 0.001
НОМА-IR Индексі	1.50 ± 0.23	3.66 ± 0.63 ^a	3.99 ± 0.66 ^b	^a p < 0.01 ^b p < 0.001
Креатинин (мг / дл)	0.80 ± 0.16	0.84 ± 0.18	0.98 ± 0.35	^b p = 0.019
Несепнәр (мг / дл)	35.41 ± 2.34	42.45 ± 2.47	45.00 ± 4.82	^a p = 0.035
Жалпы холестерин (мг / дл)	198.8 ± 5.79	168.4 ± 6.30 ^a	136.3 ± 7.50 ^{b, c}	^a p = 0.003 ^b p < 0.001 ^c p = 0.002
ТГ (мг/дл)	90.33 ± 5.73	165.3 ± 23.20 ^a	140.3 ± 14.29 ^b	^a p = 0.01 ^b p = 0.05
ЖТЛП (мг/дл)	62.13 ± 2.41	52.65 ± 2.50 ^a	44.96 ± 2.16 ^b	^a p = 0.01 ^b p < 0.001
ТТЛП (мг/дл)	119.5 ± 5.21	85.97 ± 5.72 ^a	66.63 ± 6.32 ^b	^{a, b} p < 0.001
Ескерту - ^a p – ҚД2Т АЖ мен БТ салыстыруы; ^b p – ҚД2Т+А мен БТ салыстыруы; ^c p – ҚД2Т+А мен ҚД2Т АЖ салыстыруы.				

Кестеде барлық айнымалылардың таралуы қалыпты болмады, тек дене салмағы, ДСИ және глюкоза деңгейі қалыпты таралуға сәйкес келді. Қалыпты емес таралуы бар айнымалылар үшін p мәндері Краскел–Уоллис критерийі арқылы есептелді. Қалыпты таралған айнымалылар үшін дисперсиялық талдау (ANOVA) және кейіннен көптік салыстыру (post-hoc тесті) қолданылды. Деректер қалыпты емес таралуы бар айнымалылар үшін орташа ± орташа қателік (SEM) және қалыпты таралған айнымалылар үшін орташа ± стандартты ауытқу (SD) түрінде ұсынылған.

Бақылау тобында 16 адамның салмағы қалыпты, 11 адамның дене салмағы артық, ал 3 қатысушы семіздікке шалдыққан. Қант диабеті бар наукастарда ДСИ күтілгендей жоғары болды: ҚД2Т АЖ тобында 14 адам артық салмақпен, ал ҚД2Т+А тобында 16 адам артық салмақпен анықталды. Семіздік ҚД2Т АЖ

тобындағы 13 адамда және ҚД2Т+А тобындағы 11 адамда тіркелді. Алайда, қант диабеті бар барлық науқастар арасында ҚД2Т АЖ және ҚД2Т+А топтары бойынша ДСИ көрсеткіштері арасында айтарлықтай айырмашылық болған жоқ ($\chi^2 = 4,259$, $p = 0,119$).

Физикалық белсенділік келесі түрде жіктелді:

- Төмен қарқындылық – жүрек соғу жиілігін айтарлықтай арттырмайтын белсенділіктер, мысалы, баяу жүру немесе созылуға бағытталған жаттығулар.

- Орташа қарқындылық – жүрек соғу жиілігі мен тыныс алуды арттыратын белсенділіктер, мысалы, жылдам жүру немесе велосипед тебу.

- Жоғары қарқындылық – айтарлықтай күш жұмсауды талап ететін белсенділіктер, мысалы, жүгіру немесе аралық жаттығулар.

Күтілгендей, үш топ арасында біршама айырмашылықтар анықталды ($\chi^2 = 25,465$, $p < 0,001$). Алайда, қант диабетімен ауыратын барлық науқастар арасында физикалық белсенділік бойынша айырмашылық болған жоқ ($\chi^2 = 3,791$, $p = 0,188$), сондай-ақ макроқантaмырлық асқынулары бар науқастар арасында да айырмашылық байқалмады ($\chi^2 = 2,295$, $p = 0,317$).

Екі диабеттік топтағы науқастарда HbA1c және глюкоза деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда едәуір жоғары болып, бұл көмірсулар алмасуының айқын бұзылысын көрсетеді. Сонымен қатар, HOMA-IR индексінің жоғарылауы инсулинге төзімділіктің күшеюін айғақтайды, бұл 2-типті қант диабетіне тән патофизиологиялық өзгерістердің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіштердің жоғары болуы β -жасушалардың инсулин секрециясының бұзылуымен қатар, инсулиннің шеткергі тіндерде әсерінің төмендеуін де білдіреді.

Липидтік профильге келетін болсақ, жалпы холестерин мен төмен тығыздықты липопротеиндер (ТТЛП) деңгейі ҚД2Т АЖ және ҚД2Т+А топтарында бақылау тобымен салыстырғанда төмендеген, ал триглицеридтер (ТГ) деңгейі керісінше жоғарылаған. Бұл өзгерістер диабетпен байланысты липидтік алмасу бұзылыстарының көрінісі ретінде қарастырылады және атерогенезге ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, екі диабеттік топта да жоғары тығыздықты липопротеиндер (ЖТЛП) деңгейінің төмендегені байқалды, бұл антиатерогендік қорғаныстың әлсірегенін және жүрек-қантaмырлық қауіптің жоғарылағанын көрсетеді.

6-кестеде микроангиопатиясы және жүрек-қантaмыр аурулары (ЖҚА) бар науқастарға тағайындалған дәрілік препараттар көрсетілген. Екі топ та қандағы қант деңгейін төмендететін дәрілерді, соның ішінде метформин мен басқа да антигипергликемиялық заттарды, атап айтқанда, сульфонилмочевина туындылары, ДПП-4 тежегіштері және ГПП-1 агонистерін қабылдаған. Бұл дәрілік топтар инсулин секрециясын арттыру немесе глюкозаның сіңуін төмендету арқылы гликемиялық бақылауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Инсулинотерапия ЖҚА тобында жиірек қолданылған, бұл осы топтағы науқастарда диабеттің ауыр ағымымен және ұйқы безінің β -жасушалық резервінің азаюымен байланысты болды. Мұндай жағдайларда пероральді

антидиабеттік агенттер жеткіліксіз болғандықтан, инсулин енгізу арқылы гликемиялық бақылауға қол жеткізу қажеттілігі туындайды.

Липидті төмендететін терапия, атап айтқанда, статиндер, микроангиопатиясы бар науқастарға жиірек тағайындалған. Бұл микроангиопатиялық асқынулардың (диабеттік нефропатия, ретинопатия және нейропатия) даму қаупін төмендету мақсатында жүргізілетін профилактикалық шара болып табылады. Липидтік профильді бақылау созылмалы гипергликемияның тамырларға тигізетін зақымдаушы әсерін азайтуда және эндотелий функциясын сақтау тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Сонымен қатар, құрысуға қарсы препараттар ЖҚА тобында жиірек қолданылған. Бұл, ең алдымен, диабеттік нейропатиямен байланысты ауырсыну синдромын басу үшін габапентин және прегабалин секілді препараттарды қолданумен байланысты болуы мүмкін. Бұл дәрілік заттар нейропатиялық ауырсыну белгілерін жеңілдету үшін кеңінен қолданылады және өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Жалпы алғанда, тағайындалған препараттар мен тамырлық асқынулар арасында статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс анықталмады. Бұл дәрілік терапияның нақты асқыну түріне байланысты емес, науқастың жалпы клиникалық жағдайы мен жеке көрсеткіштеріне сәйкес таңдалғанын білдіреді. Индивидуализацияланған тәсіл - қазіргі заманғы диабет терапиясының маңызды қағидаты болып табылады, және бұл зерттеу нәтижелері оны тағы бір мәрте дәлелдейді.

Осылайша, тамырлық асқынулары бар науқастар негізгі гипогликемиялық терапияны ұқсас мөлшерде алғанымен, инсулин, статиндер және құрысуға қарсы препараттарды қолдану жиілігі бойынша айырмашылықтар байқалды. Бұл терапиялық стратегиялар асқыну түрлерінің клиникалық сипаттамаларына және науқастың метаболикалық статусына байланысты жекелей түрде таңдалғанын көрсетеді.

Кесте 6 - Микроангиопатиямен және жүрек-қан тамырлары ауруларымен ауыратын науқастарға арналған терапия түрлері

Дәрілік терапия	Микроангиопатиялар (n = 6) 21.4%	ЖҚА (n = 22) 78.6%
1	2	3
Глюкоза деңгейін төмендететін дәрілер:		
Метформин	66.7% (4/6)	68.2% (15/22)
Емдеу ұзақтығы (ж)	15.39 ± 2.18	16.23 ± 2.13
Антигипергликемиялық агенттер *	83.3% (5/6)	90.9% (20/22)
Емдеу ұзақтығы (ж)	15.32 ± 2.25	13.00 ± 2.94
Инсулинге сезімтал терапия **	66.7% (4/6)	80.0% (16/22)
Емдеу ұзақтығы (ж)	13.3 ± 2.31	14.66 ± 2.35
Холестеринді төмендететін терапия (статиндер)	66.7% (4/6)	50.0% (11/22)
Емдеу ұзақтығы (ж)	11.57 ± 2.75	17.78 ± 2.31

6 – кестенің жалғасы

1	2	3
Антиконвульсанттар	0.0%	22.7% (5/22)
Емдеу ұзақтығы (ж)		7.92 ± 2.14
Ескерту - * Антигипергликемиялық препараттар қандағы глюкоза деңгейін төмендететін екінші қатарлы терапияны қамтиды (ДПП-4 тежегіштері, SGLT2 тежегіштері, ГПП-1 рецепторларының агонисттері) ** Инсулинге сезімталдықты арттыратын терапия инсулин секрециясын ынталандыратын препараттар мен тиазолидиндиондарды қамтиды. ж – жылдар		

Антигипергликемиялық препараттар қандағы глюкоза деңгейін төмендететін екінші қатарлы терапияны қамтиды. Бұл топқа DPP-4 тежегіштері, SGLT2 тежегіштері және ГПП-1 рецепторларының агонисттері жатады. Аталған препараттар инкретиндік әсер арқылы инсулин секрециясын реттейді, бауырдағы глюкоза өндірілуін азайтады және бүйрек арқылы глюкозаның қайта сіңуін тежеп, оның несеп арқылы шығарылуын арттырады. SGLT2 тежегіштері сонымен қатар салмақты азайтуға және қан қысымын төмендетуге оң әсер етуі мүмкін, бұл жүрек-қантамырлық қауіпі жоғары науқастар үшін маңызды артықшылық болып табылады.

